

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ
Наурызбай ауданының
тұрғындарымен кездеседі.
Жүздесу
17 ақпанда, сағат 9.00-де
«Қалқаман-2»
шағынауданы,
Талжанов көшесі, 1 Б
мекенжайындағы №206
мектеп-гимназияда өтеді.
Кездесуді онлайн-режимде
«Алматы» телеарнасының
YouTube парақшасынан
және Наурызбай
әкімдігінің Facebook
парақшасынан көруге
болады.

САЙЛАУ – 2023



МЕМЛЕКЕТШІЛ БОЛУ – МӘРТЕБЕ

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



КӨК ҚАРҒА КЕЛМЕЙ, КӨКТЕМ ШЫҚПАЙДЫ

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.02.2023

Түнде:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты, қар, тұман.

Күндіз:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашын (жаңбыр, қар).
Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
түнде 0-5, күндіз 3-8 м/с

17.02.2023

Түнде:



0,-2 °C

Көшпелі бұлтты, қар,
тұман, көктайғақ.

Күндіз:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашын (жаңбыр, қар),
көктайғақ. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
түнде 0-5, күндіз 3-8 м/с

Алматы AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №23 (6316) 16 ақпан, бейсенбі, 2023 жыл.

[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[www.youtube.com/channel/
UCx2M2x1Chx6Br1JgqyqeA](https://www.youtube.com/channel/UCx2M2x1Chx6Br1JgqyqeA)

[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[vk.com/
aqshamy.official](https://vk.com/aqshamy.official)

[twitter.com/
aqshamy_kz](https://twitter.com/aqshamy_kz)



САЙТҚА
ӨТУ ҮШІН
QR-кодты
СКАНЕРЛЕУ
КЕРЕК

ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК

БАУЫРЛАС ЕЛМЕН БІРГЕМІЗ!

Қазақстан жойқын жер сілкіністерінің салдарын жоюда
Түркияға қолдау көрсетуде

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт
Тоқаевтың
тапсырмасына
сәйкес Қазақстан
Республикасы
Түркия
Республикасына
қосымша
гуманитарлық
көмек көрсетеді. Бұл
мәселе ҚР Премьер-
Министрінің
бірінші орынбасары
Роман Склярдің
төрағалығымен
өткен Үкіметтік
комиссияның
отырысында
талқыланды.



ҚР Үкіметі: Қазақстан Түркияға 55 тонна гуманитарлық көмек жібереді

Гуманитарлық көмекте жалпы салмағы шамамен 55 тонна болатын киім-кешек (жылы күртешелер мен шалбарлар), қысқы шатырлар, металл кереуеттер, төсек-орын жабдықтары және басқа да күнделікті қолданысқа қажетті заттар бар. Жүктер әуе көлігімен Түркияның Газиантеп қаласына жөнелтіледі. Қазақстан халқы да

биыл ақпан айының басында болған жойқын жер сілкіністерінің салдарын жоюда Түркияға жан-жақты қолдау көрсетуде. «АҚШАМ-АҚПАРАТ» хабарлағандай, алматылық қаламгерлер өз тарапынан бауырлас елге көмек ретінде Түркиядағы арнайы қорға 500 мыңнан астам қаржы аударды.

ANTICOR

«БІРЫҢҒАЙ САТЫП АЛУ ТЕРЕЗЕСІ» 7,3 миллиард теңге үнемделді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Бірыңғай сатып алу терезесі» жобасын іске асыру аясында 7 миллиард теңгеден астам қаражат үнемделді. Бұл туралы агенттіктің Қоғамдық кеңесінің 1-көшпелі отырысы барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет хабарлады. Отырыс барысында Алматы қаласының қоғам өкілдерін Агенттік пен азаматтық сектордың бірлескен жұмысының нәтижелерімен таныстырды. Жұртшылықпен жұмыс барысында Қоғамдық кеңестің қатысуымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасының әрбір саласы бойынша жұмыс топтары құрылған болатын, жекелеген салаларда оң нәтижелер бар. Мәселен, жер қатынастары саласында 1,2 млрд теңге сомасына 16 гектардан астам жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

3

ҚЫСҚА...

- Президент еңбек дауларын шешу тәртібін оңайлату бойынша заңға қол қойды.
- Тұңғыш Президент туралы заңның күші ресми түрде жойылды.
- Сенаторлар жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау міндетін қайта бөлу туралы заңды қарады.
- Үкіметте ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мәселелері қаралды.
- Қазақстан мен Қырғызстан бірлесіп күн электр станциясын салып жатыр.
- Мемлекетке қайтарылған жер қойнауының учаскелері инвестиция тарту үшін аукционға қойылады.
- Елімізде жаңа мереке пайда болды. 15 сәуір күні – Мемлекеттік қызметкерлер күні.
- Биыл елде үш визит-орталықтың құрылысын аяқтау жоспарланып отыр.
- Сайлау – 2023: ОСК «AMANAT» және «Respublica» партияларының партиялық тізімдерін тіркеді.
- «Күміс жас»: 2023 жылдан бастап бұл жобаға 50 жасқа толған қазақстандықтар қатыса алады.
- Елордада республикалық олимпиаданың III қалалық кезеңі басталды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы азаматтық қорғау саласы бойынша кадрлар дайындайтын еліміздегі жалғыз жоғары оқу орны – Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының жұмысымен танысып, офицерлермен және курсанттармен кездесті.

– Құтқару қызметі – өте маңызды сала. Соңғы кезде жер жүзінде төтенше оқиғалар жиілеп барады. Жұртымыз мұндай қауіп-қатерге әрдайым дайын болуы керек. Сондықтан осы салада қызмет етіп жүрген мамандардың еңбегі еліміз үшін өте маңызды. Академия – еліміздегі кәсіби құтқарушыларды даярлайтын бірден-бір оқу орны. Жақында Түркиядағы жойқын жер сілкінісінен кейін бауырлас елге құтқарушылар мен дәрігерлер жіберілді. Біздің құтқарушылар бірнеше адамды аман алып шықты. Түркияда күндіз-түні жұмыс істеп жатқан азаматтарымызға алғыс айтамын! Түркиядан аман-есен оралған соң оларды міндетті түрде марапаттайтын боламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Азаматтық қорғаныс жүйесі тұрақты жаңғыртуды қажет ететінін, озық әлемдік тәжірибені қабылдап, заманауи технологияларды енгізу өте маңызды екенін айтқан Президенттің пікірінше, құтқарушыларды сапалы дайындауға ерекше назар аудару керек. Мемлекет тарапынан құтқарушылардың еңбекақысын көтеріп, әлеуметтік қамтамасыз етуді жақсарту үшін жүйелі шаралар қолға алынып жатыр. Президент тапсырмасына сәйкес биылдан бастап құтқарушылардың еңбекақысы 10-нан 70 пайызға дейін көтеріледі. Қасым-Жомарт Тоқаев оқу орнының материалдық-техникалық базасын заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қажет екенін ерекше атап өтті.

■ ПАРЛАМЕНТ

Сенаттың баспасөз қызметі хабарлағандай, Қаржы және бюджет комитетінің депутаттары Ұлттық Банктің, ұлттық экономика, қаржы, индустрия және инфрақұрылымдық даму, оқу-азарту, ғылым және жоғары білім, әділет министрліктерінің, сондай-ақ Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының өкілдерімен кездесті.

«Бүгінгі таңда экономикалық бағыттағы жаңа басымдықтардың бірі – ұлттық табысты әділ бөлу болып табылады. Мұнда әрбір отбасы еліміздің байлығын пайдаланудан нақты пайда табуы тиіс. Осыған орай, еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жарияланған Балалар жылы аясында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың үрдісіне сай және «Әділетті Қазақстан» идеясымен үндесетін «Ұлттық қор – балаларға» жаңа негіздегі бағдарлама түріндегі аса маңызды әлеуметтік бастаманы жүзеге асыруды тапсырды», – деді комитет төрағасы Сұлтанбек Мәкежанов.

Кездесуге қатысушылар Ұлттық қор қаржысын пайдалану жөніндегі істердің ағымдағы жай-күйін талқылады және оларды пайдаланудың жаңа тәсілдерімен де танысты. Сондай-ақ, еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, экономиканың қолайсыз сыртқы факторлардың әсеріне тәуелділігін азайту және болашақ ұрпақ үшін қаржы жинақтау мәселелерін талқылады. Сенаторлар кездесу қорытындысы бойынша айтылған ұсыныстар бюджет заңнамасын жетілдіру жөніндегі заң шығару қызметінде көрініс табатынын атап өтті.

■ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СӨТ

4 қаңтар мен 13 ақпан аралығында Конституциялық Сотқа мыңнан астам азаматтан өтініштер келіп түсті, ол арыздардың басым бөлігі белгіленген талаптарға сәйкес берілмегенін ескере отырып, оларға түсіндірмелермен жауаптар жолданды, ал қалғаны өтініштерді қараудың қатаң сатысында қарастырылып жатыр.

Конституциялық өндіріске 9 өтініш қабылданды. Бұл жағдай арызданушылардың өтініштерді алдын ала тексеру сатысында анықталған қателіктеріне байланысты болып отыр, деп хабарлады ҚР Конституциялық Соты. Шағымдарды дайындау сапасын арттыру мақсатында жиі жіберілетін, соның салдарынан өтініштер қайтарылуы мүмкін кемшіліктер сараланды. Олар мыналар: 1) егер өтініш басқа біреудің ЭЦҚ-сымен жолдана, өтініш берушінің келісімін растайтын құжатсыз заңды өкіл арқылы берілсе не Конституциялық Сотқа жүгіну құқығына не субъектілердің санатына кірмейтін тұлғалардан (ЗТ, ЖК, ШҚ басшысы және т.б.) келіп түссе; 2) егер өтініш беруші Конституциялық соттың құзыретіне қатысы жоқ қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот актілеріне не құқық қорғау органдары мен басқа да лауазымды адамдардың әрекеттеріне шағымдануға тырысқан жағдайда; 3) егер өтініш беруші құқықтық актілер нормаларының Конституцияға сәйкестігін дауласа және бұл ретте олардың жеке құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты екенін көрсететін толық дәлелдер келтірмесе не нақты норманы немесе оның жекелеген ережелерін нақтыламай, тұтас құқықтық актіні конституциялық емес деп тану туралы мәселені негізсіз қойса өтініш иесіне жолданады. Бұл ретте заңнама барлық кемшіліктер жойылғаннан кейін және өтініш Конституциялық Сотқа жүгінудің нысаны, мазмұны мен шарттары бойынша талаптарға сәйкес келтірілгеннен кейін қайта жүгіну мүмкіндігін қарастырады. ҚС сайтында азаматтардың конституциялық бақылау органына өтініш жазу үлгісі мен жадынама орналастырылған.

■ ҮКІМЕТ

Әліхан Смайловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мәселелері қаралды.

«Жетекші ғалымдарға еңбекақы төлеу базалық қаржыландыруға қосылған. Іргелі ғылыми зерттеулерге қаражат бөлінеді. Әзірленіп жатқан ғылыми жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру ұзақтығы 5 жылға дейін ұлғайтылды. Жас ғалымдарды қолдау үшін гранттар мен стипендиялар бөлінеді, олардың ғылыми еңбектерін жариялау белсенділігі артып келеді. Қоғам ғылыми-технологиялық саладан нақты өзгерістер, ғылыми жаңалықтардың нақты экономикада қолданылуын күтіп отыр. Осыған байланысты ғылыми зерттеулердің нәтижесін арттыру, оның ел экономикасының дамуына қосатын үлесін ұлғайту үшін ауқымды жұмыс қажет», – деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң жобасын әзірлеп, оны маусым айында Парламентке енгізу, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландырудың жаңа механизмдерін ескере отырып, ғылымды дамытудың қолданыстағы тұжырымдамасын өзектендіру, «Атамекен» палатасымен бірлесіп, еліміздің жетекші университеттері мен ірі кәсіпорындарының жанынан мамандандырылған инжинирингтік орталықтар мен технологиялық паркттерді құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz; ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, ҚР ОСК баспасөз қызметі, «АҚШАМ-АҚПАРАТ»).

■ КОМИССИЯ

СЫНДАРЛЫ ДИАЛОГ



Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыровтың төрағалығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі қалалық комиссияның кезектен тыс кеңейтілген отырысы өтті. Отырысқа аудан әкімдері, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, квазимемлекеттік сектордың басшылары, қоғам өкілдері қатысты.

Жиында сөз алған Әлішер Әбдіқадыров сыбайлас жемқорлыққа уақытылы және үйлестірілген әрекетпен ғана тиімді қарсы тұруға болатынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы бекіткен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын

іске асыру аясында Алматы тұрғындарының әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуде күш-жігер біріктіру қажет. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың басшылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі жоспарында белгіленген іс-шаралардың тиімділігі мен

орындалу сапасын басымдықпен айқындауы қажет», – деді қала әкімінің орынбасары Ә.Әбдіқадыров.

Жиында сөз алған Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Дмитрий Малахов Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы әзірленгенін, оған еліміздің әрбір өңірінің ең өзекті мәселелері енгізілгенін атап айтты. Картада әкімшілік кедергілердің болуына, заңнаманың жетілмегендігіне, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты шешімі табылмаған мәселелердің тізбесі көрсетілген.

Алматы қаласы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне неғұрлым бейім 6 бағыт анықталды, олар құрылыс, экология, фискалдық сала, әлеуметтік сала, экономика және қаржы.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары айтқандай, бүгінде қала әкімдігінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіліп жатыр, әкімшілік кедергілерді жою, ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету үшін білім беру, денсаулық сақтау, көлік, жер қатынастары саласындағы жұмыс оңтайландырылды, мемлекеттік қызмет электрондық форматқа ауыстырылды, мемлекеттік аппараттың қоғаммен сындарлы диалогы құрылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ НАРЫҚ

БАЗАРЛАР ЖҰМЫСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Апта басында Алматы ауданы әкімі аппаратының қызметкерлері «Тастақ», «Береке» және «Жұлдыз» базарларын, сондай-ақ тұрғын үйлердің жанында орналасқан дүкендерді аралап шықты. Бұл туралы бізге Алматы ауданы әкімінің орынбасары Руслан Ыдырысов хабарлады.

– Жұмыс сапары барысында әкімдік қызметкерлері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу және сауда үстемесінің 15%-дан аспауы туралы (ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы №145 қаулысымен бекітілген)

ақпараттық буклеттер тарата отырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді, – деді ол.

Өз кезегінде кәсіпкерлер тарапынан автотұрақ аймағын абаттандыру, жылылау, POS-терминалдардың жұмысын жеңілдету үшін сымсыз интернет сигнал

күшейткішін орнату, сондай-ақ Төле би көшесінің төменгі жағындағы, Розыбакиев көшесінің бойындағы «жабайы сауда» мәселелері көтерілді.

Аудан әкімінің орынбасары Руслан Ыдырысов атап өткендей, мұндай тексеру жұмыстары айына бір рет тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Ал бұл қадам бизнес пен жергілікті атқарушы органдар арасында сындарлы диалог орнатуға ықпал ететіні анық.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ АКЦИЯ

ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

Алматыда есірткінің трафареттік жарнамасын жою бойынша акция өтті

Түркісіб ауданы әкімдігінің өкілдері Алматы қалалық Полиция департаменті Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының қызметкерлерімен, ювеналдық полиция инспекторларымен, «NarkoStop» жобасының командасымен біріге «Аяжан» медициналық колледжінің еріктілерінің қатысуымен есірткіні насихаттайтын трафареттік жарнамаларды бояп тастау бойынша акция өткізді.

Белсенді жастардың атсалысуымен бірнеше сағат ішінде ауданның әр түкпірінен есірткі тарататын сайттардың жарнамасы бар 400-ден астам трафарет суреттер табылып, жойылды. Олар тұрғын үйлердің, гараждардың, кеңсе ғимараттарының қабырға-

ларында есірткінің таралуын насихаттайтын суреттерді бояп шықты. Науқанға 15 топқа бөлінген 50 студент қатысты.

– Мұндай іс-шараларға 1-курс студенттерінің қатысуы дәстүрге айналды. Мұғалімдер үшін бұл өте маңызды. Бұл суреттердің

көзін жою арқылы біз жастарымызды дұрыс жолға тәрбиелейміз. Сондықтан біздің жастарымыз мұндай шараларға қатысуға қашан да дайын. Ең бастысы, олар өздері үшін есірткінің қаншалықты зиян екенін жақсы біледі, – дейді «Аяжан» колледжі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Әйгерім Исабекова.

Айта кетейік, мұндай құқық бұзушылықтар туралы Есірткіге қарсы күрес басқармасының +7 705 549 70 25 WhatsApp сенім телефонына мекенжайы көрсетілген фотосуреттер мен бейнежазбаларды жіберуге болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



● ANTICOR



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«БІРЫҢҒАЙ САТЫП АЛУ ТЕРЕЗЕСІ»

7,3 миллиард теңге үнемделді



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Қоғамдық кеңестің төрағасы Марат Башимов Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қоғаммен сындарлы әріптестігінің маңыздылығын атап өтті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның ресурстарын пайдалану қажет. Бұл тәжірибенің артықшылығы – өзара ақпарат алмасу, нақты шешімдерді бірлесіп талқылау және әзірлеу, бағдарламаларды кешенді әзірлеу және нормативтік актілерге қоғамдық

сараптама жүргізу болып табылады. Жұртшылықпен үйлесімді жұмыс экономикалық және әлеуметтік мәселелерді жедел қарауды және сапалы шешуді қамтамасыз етеді», – деді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Дмитрий Малахов.

Қазіргі уақытта картаға 6 сала кірді: құрылыс және тұрғын үй, экономика және қаржы, экология, жер, фискалдық және әлеуметтік салалар.

Қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомство атап өткендей, биыл департамент жұмысының негізгі бағыты экология саласындағы мәселелерді шешуге бағытталатын болады.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Әлеуметтік қызмет көрсету орталығында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қоғамдық кеңесінің сырттай отырысы өтті.

Ауқымды басқосуда қаланың сыбайлас жемқорлық тәуекелдер картасын жүзеге асыру, бизнесті қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы жаңалықтар туралы мәселелер талқыланды. Оған ANTICOR агенттігі жанындағы Қоғамдық кеңестің басшысы, мүшелері, Алматы қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшелері, белсенділер, кәсіпкерлер құқығын қорғаушылар, мемлекеттік қызметшілер, тілшілер қатысты.

Жиында әр саланың мамандары жемқорлық фактілерінің алдын алу, болдырмау, түбегейлі жою шараларын қарастырды. Отырыста жариялылық туралы көп әңгіме айтылды. Әр салада жобаның сметалық құжаттары бекітілмей тұрып, құқықтық-нормативтік жағын ескеру қажеттігі баяндалды.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат БАШИМОВ,
ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жанындағы Қоғамдық кеңес төрағасы:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНАЙЫҚ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықты жоюға байланысты бірқатар нақты тапсырма жүктеді. Осы бағыттағы жұмысымыз айқын. Жүгенсіз кеткен жемқорлық тәуекелдерін ауыздықтауға бағытталған іс-шаралар басталып кетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жанындағы Қоғамдық кеңестің көшпелі отырысы алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Бұған Алматы қаласындағы әріптестеріміз қолдау білдірді. Мегаполистің республикалық маңызы жоғары. Мұндағы қордаланған мәселелердің шешімін бірлесіп табуды көздейміз.

Мемлекеттік құрылымның әр саласында жемқорлықты тежеу қарастырылуда. Тіпті, түп-тамырымен алып тастау қажет. Әрбір істе талдау-сараптамалық жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағытта көптеген күрмеулі сұрақтарға тап болудамыз. Ең негізгісі, кәсіпкерлікке қыспақ жасауды болдыртпау. Мұндай жүгенсіздік белең ала берсе, оның салдарымен күрес қиындайды. Сондықтан паракорлыққа тыйым салудың барлық формаларын нақты іспен жүзеге асыратын күн туды. Жемқорлықты жою үшін қолдан келер іс-қимылдың бәрін жасау керек. Бұл дертті ауыздықтамасак, әр салаға зиянын тигізіп бітетін түрі бар. Қоғам да, мемлекет те паракорлықтың жойылуына мүдделі. Бұл бағыттағы стратегия қолға алған істерді жандандырады. Ашық бюджет, кеткен олқылық, қай жерде өзекті мәселе туындады, міне, соны қадағалау керек. Өңірлердің жағдайы алаңдатады. Аймақтардағы мемлекеттік құрылымның таза әрі сапалы жұмыс істеуінде кездесетін бірқатар түйткілдерді шешу жолдарын сараптайық. Мұнда қарапайым азаматтардың үні ескерілсе дейміз. Бұл өте маңызды іс. Сарапшы, белсенді және т.б. мамандардың пікірі ауадай қажет.

Қазір бізге «велосипед» ойлап табудың қажеті шамалы. Халықаралық конвенцияға сүйенсек жеткілікті. Еуропалық тәжірибе бар. Бір нәрсеге үміттенеміз. Дәлірек, азаматтық жауапкершілік пен қылмыстық жауапкершілікті саралай қарастырып, аражігін нақтылайық. Жаңадан сайланатын Парламент осы айтылғандарға назар аударса екен. Қажетті заңды бекітіп, ел игілігіне жаратайық.

Саян АХМЕТЖАНОВ,
ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Превенция қызметінің басшысы:

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ

Бизнес жемқорлыққа көп ұшырайды. Бұл жағы белгілі. Әкілетті органдардың қыспаққа алмау жағын қарастырып жатырмыз. «Бизнеске жол» деген бағдарлама басталды. Осының аясында келіп түскен арызшағым қарастырылады. Біз көптеген ынғайсыз жағдайдан хабардармыз. Бюрократияға жол бермеуіміз керек. Тіпті, онлайн қарай бастаймыз. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп іс-қимыл жасаймыз.

Алдағы уақытта атқаратын іс көп. Жүйелі жұмыстар бар. Жергілікті атқарушы органдардың да көмегі зор болайын деп тұр. Әрбір келіп түскен хат, өтініш, арыз нақты қаралатын болады. Барлығына талдау жүргізіледі. Заң шеңберінде тиісті шаралар жасалады.

Жемқорлықпен күресте бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор. Қазіргі уақыт талабын ескереміз. Жаңа технологияны қолданып, онлайн форматта да іс атқара береміз.

Дайындаған Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

● ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

СЕНІМ БАРДА ҚОЛДАУ БАР!

Мегаполисте Алматы қаласының үкіметтік емес ұйымдарының өкілдерімен кездесу өтті. Аталмыш іс-шарада ҰЕҰ қызметіндегі негізгі мәселелер, гранттар туралы мәселелер талқыланды.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Мемлекеттік органдардың бірлестіктермен, азаматтық белсенділермен қаланың мәселелері бойынша талқылау өткізіп отырмыз. Осылайша ұйым мүшелерінің пікірін білу мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Президенттің жаңа саясатының аясында халыққа пайда әкелетін жұмыстарды қолға алу біздің парызымыз. Бүгінде Алматы қаласының белсенділері нақты, әрі қызықты іс-шаралар ұсынуда. Болашақта осы айтылғандарды жүзеге асырамыз деген үміттеміз», – дейді ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы Мадияр Қожахмет.

Кездесу барысында халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау көрсету тетіктері, рухани дамыту тұрғысындағы мәселелерді нығай-

ту, сондай-ақ білім беру және денсаулық сақтау жүйелері туралы сөз қозғалды.

«Әділетті Қазақстан» құру жолында, біріншіден, қоғамдық бірлестіктер көп жұмыс істеуі қажет. Соларды пайдалану керек. Олардың потенциалы көп, кейбіреуі көрінбей, таса калуда. Менің ойымша, қоғамдық бірлестіктер бірігіп жұмыс істесе, еліміз қарқынды дамиды. Қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – жемқорлықты жоюға әрбір азаматымыз атсалысуға міндетті. Еліміздің болашағы жастар демекші, оларға сенім артып, қолдау білдіріп отыру қажет. Бүгінде талапты, білімді азаматтарымыздың саны артып келеді. Олардың қоғамға берер пайдасы мол екендігі сөзсіз. Осы айтылғандарды жүзеге асырсақ, еліміз дамудың даңғыл жолына түсер еді», – деді генерал-майор, «Генералдар кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Махмұд Телегусов.

● ТАҒЫМ

ЕРЛІККЕ – ҚҰРМЕТ! Кеңес әскерлерінің Ауған даласынан шығарылғанына – 34 жыл

Алматыдағы 28 панфиловшылар саябағында 15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауған даласынан шығарылғанына 34 жыл толуына арналған салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиынға Ұлы Отан соғысының ардагерлері, Ауған соғысының ардагерлері, қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшелері мен қала жұртшылығы қатысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Салтанатты жиын Ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан боздақтарды бір сәт үнсіз еске алумен басталды. Алғашқы сөз кезегін Алматы өңірлік горнизон басшысының орынбасары, полковник Асқар Ахметбеков алды.

– 1979 жылдың 25 желтоқсанында басталып, 1989 жылдың 15 ақпанына дейін созылған соғысқа КСРО аумағынан 620 мыңнан астам жауынгер мен офицер қатысқан еді. Осы соғыста Кеңес Одағынан 15 мың 51 адам оққа ұшты. Қазақстаннан барған 22 мың 269 жауынгердің 924-і соғыс даласында ерлікпен қаза тапты. Елге 1015 жап-жас бозбала кемтар болып



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

оралды. Соғыс даласында 21 солдат із-түзсіз кетті. Осынау 110 айға созылған соғыстан елге аман-есен оралған жауынгерлердің көңілдері жаралы. Олар үнемі майданда оққа ұшқан жолдастарын ойлайды. Олардың есімдері жадымызда сақтаулы. Олардың жасаған ерліктері елдің есінде, – деді ол.

Қалалық әкімшілік атынан сөз алған Бауыржан Жаубасов Ауған соғысына қатысқан жауынгерлердің көрсеткен жанқиярлық ерліктері жас ұрпаққа қашанда үлгі болатынына тоқталды. Ол жастарды отансүйіштік рухта тәрбиелеуге қосып отырған үлестері үшін ризашылығын білдірді.

Қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов, Ауған соғысына қатысқан жауынгерлер

жастарға тәрбие беріп, мемлекетіміздің тұрақтылығы жолында еңбек етіп жатқаны жөнінде баяндады. Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектері кеңесі төрағасының орынбасары Байқал Хамзин мұндай іс-шараның жастарға беретін үлгісі туралы айтып, соғыста қаза тапқандарға көрсетілген құрметтің ерлікке көрсетілген құрмет екенін жеткізді. Салтанатты жиын барысында ардагерлер сөз алып, еліміздегі бейбіт өмірдің баянды болуын тіледі.

Салтанатты жиын соңында Мәңгілік алау мен Ауған соғысына қатысушыларға арналған ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Жиналғандар «Әскерлер үйінде» өткен концерттік бағдарламаны тамашалады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ КОМИССИЯ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасы Түркия Республикасына қосымша гуманитарлық көмек көрсетеді.

Бұл мәселе ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Склиардің төрағалығымен өткен Үкіметтік комиссияның отырысында талқыланды. Гуманитарлық көмекте жалпы салмағы шамамен 55 тонна болатын киім-кешек (жылы күртешелер мен шалбарлар), қысқы шатырлар, металл кереуеттер, төсек-орын жабдықтары және басқа да күнделікті қолданысқа қажетті заттар бар. Жүктер әуе көлігімен Түркияның Газиантеп қаласына жөнелтіледі. Қазақстан биыл ақпан айының басында болған жойқын жер сілкіністерінің салдарын жоюда Түркияға қолдау көрсетуде.

■ ВИЗИТ-ОРТАЛЫҚ

Биыл елімізде үш визит-орталықтың құрылысы аяқталады. Бұл туралы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тарихи-мәдени мұра басқармасының басшысы Жанат Сеидалиева хабарлады.

«2023 жылы үш визит-орталықтың құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Ол «Сауран», «Гаухар-ана» және «Ордабасы» туристік оралықтары. Аталған тарихи визит-орталықтардың үшеуі де еліміздің рухани астанасы – Түркістан облысында орналасқан», – деді Жанат Сеидалиева.

«Сауран» қалашығы Түркістан қаласынан 40 шақырым жерде. Мұнда келушілер мен туристерге қызмет көрсету үшін заманға сай инфрақұрылым жасалады. Ал «Гаухар-ана» кесенесі – Орта Азия аумағындағы әйелдер құлшылық жасауға арнайылап келетін орын. Визит-орталықта қонақтарға жайлы жағдай жасау үшін түнеуге арналған орындар қарастырылған. «Ордабасы» аумағында да визит-орталықтың құрылысы белсенді жүріп жатыр. Спикердің айтуынша, визит-орталықтар бірінші кезекте ғылыми, мәдени, ақпараттық кешендер ретінде пайдаланылатын болады. Мұнда туристер үшін барлық қолайлы жағдай жасалады. Бұдан бөлек, жергілікті жердің мәдени-туристік кластерін дамытуға, өңірдің брендке айналған тарихи-мәдени және табиғи ресурстарды пайдалана отырып, имидждік, туристік өнімдерді жасауға үлкен мүмкіндік бар. Қазақстанда бүгінде үш визит-орталық толық қарқында жұмыс істеп жатыр. Ол Алматы облысындағы «Таңбалы», Ұлытау облысындағы «Ұлытау» және Түркістан облысындағы «Отырар» орталықтары.

■ МИНИСТРЛІК

Қорғаныс министрлігінің әскери білім және ғылым департаментінің бастығы, генерал-майор Жұмабек Ахметов Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында әскери жоғары оқу орындарында оқудың артықшылықтары туралы айтып берді.

Оның айтуынша, ең алдымен, әскери оқу орындарында оқу тегін және барлық жабдықтармен қамтамасыз етіледі: азық-түлік, киім-кешек, ақша, демалыс уақытында жылына екі рет жол жүру, жеке гигиена құралдары беріледі. Сонымен қатар, бұл – жоғары азаматтық және әскери білім алу мүмкіндігі. Ең бастысы – оқуды аяқтағаннан кейін түлектердің жүз пайызы жұмысқа орналасады. Оларға бастапқы офицерлік лауазымдарда әскери қызмет өткеруді жалғастыруға кепілдік беріледі және әртүрлі бағдарламалар бойынша тұрғын үй алу мүмкіндігі бар. 2023 жылдан бастап мерзімді әскери қызмет өткергендер әскери оқу орындарына емтихансыз түсе алады. Әскери жоғары оқу орындарына түсуге құжаттар 15–20 шілде аралығында қабылданады. Әскери институттарға түсуге ниет білдіргендер тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органы басшысының атына 30 сәуірге дейін өтініш беруі қажет.

Генерал-майор атап өткендей, денсаулық жағдайы бойынша жарамды, ҰБТ-ның 5 пәні бойынша кемінде 50 балл жинаған, оның ішінде бейіндік пәндердің біреуі бойынша кемінде 7 балл және қалған пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 4 балл жинағандар 15–20 шілде аралығында әскери институтқа құжаттарын тапсыра алады. Ал «Жас ұлан» республикалық мектептеріне талапкерлерді қабылдау 1–20 тамыз аралығында жүргізіледі Алматы, Қарағанды және Шымкент қалаларындағы мектептердің негізгі міндеті – жоғары сапалы жалпы орта білім берумен қатар оқушыларға бастапқы кәсіптік бағдарлы білім беру. «Мектепке орта білім беру ұйымының 9-сыныбына негізгі орта білім беру ұйымын аяқтап, оқуды бітіргені туралы куәлік алған, қабылданған жылы 15-тен кіші емес, бірақ 16 жастан асқан Қазақстан Республикасының жастары қабылданады. Денсаулығы бойынша оқуға жарамды талапкерлер оқуға қабылдау жылының 1–5 тамызы аралығында құжаттарын тапсыру үшін мектепке келеді. Мектепке қабылдау 6–20 тамыз аралығында жүзеге асырылады», – деді спикер.

■ СЕМИНАР-КЕҢЕС

Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі базасында іріктеу мен конкурстық рәсімнің жаңа форматының ережелерін түсіндіру бойынша пилоттық мемлекеттік органдар мен аумақтық департаменттердің қызметкерлеріне семинар-кеңес өткізілді.

Биыл 1 наурыз бен 31 желтоқсан аралығында «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінде мемлекеттік қызметке іріктеудің пилоттық жобасын сынақтан өткізу басталады, деп хабарлады ведомствонның баспасөз қызметі. Пилоттық жоба МҚІА, Ақмола облысы мен Шымкент қаласы әкімдіктерінде, Сауда және интеграция, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінде жүргізіледі. Жаңа іріктеу тәсіліне сәйкес, мемлекеттік қызметке орналасуға үміткерлер Жүйеде төрт заң бойынша заңнаманы және мемлекеттік тілді білу тестілеуінен 24/7 бойы өтеді. Тестілеуден сәтті өткен үміткерлер Жүйедегі конкурста қатысуға өтінім береді. Конкурстың іріктеу кезеңі – жеке қасиеттер мен үміткердің мәтіндік және сандық ақпаратпен (SHL) жұмыс істеу қабілетін бағалауды, эссе жазуды (барлық басшылық лауазымдар үшін міндетті), сарапшылар комиссиясымен әңгімелесуді қамтиды. Тестілеу мен эссе жазу кезеңінде үміткердің тәртіпті сақтауын прокторинг қамтамасыз етеді.

«Е-қызмет» арқылы байқаудың жаңа рәсімі «адами фактордың» әсерін толығымен жояды. Іріктеуден өту кезінде несіздендіру және анонимділікті қамтамасыз ету үшін жүйемен үміткерлерге сәйкестендіру нөмірі беріледі. Нәтижесінде пилоттық жобадан конкурс жеңімпазы комиссияның шешімімен емес, сәйкесінше барлық кезеңдердің жиынтық қорытындысы бойынша жүйемен автоматты түрде анықталатын болады.

(Дереккөздер: ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, ҚР ОСК баспасөз қызметі, «АҚШАМ-АҚПАРАТ»).

АЛМАТЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫ

ҚАЖЕТТІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Шаһарда инженерлік желілерді жаңғырту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен жиі кездесу өткізеді. Жүздесулердің халық үшін маңыздылығы сол, тұрғындар өз аудандарына қатысты түйткілді мәселелерге шаһар басшысынан нақты жауап алады. Сондай кездесулердің бірінде қала басшысы Алматыдағы инженерлік желілердің дені жарты ғасырдан астам уақыт бұрын салынғанын, қазірде оларды ауыстыру және модернизациялау жұмыстары жалғасып жатқанын айтқан еді.

Д Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қаңтар айында Алматының бас жоспарын қоғам болып талқылағаны баршаға мәлім. Ауқымды шараның мақсаты – қала тұрғындарының жайлы өмір сүруі үшін қажетті инфрақұрылымдармен қамтылған Алматыға қол жеткізу, өркениетті елдердегідей қолайлы орта қалыптастыру.

Деректерге сүйенсек, алып қаланың аумағы соңғы жиырма жылда екі еседен астам, яғни 33 898 гектардан 70 348 гектарға ұлғайған екен. Халқының саны 2,1 миллион адамға дейін көбейіпті. Демек, Алматыда өсім бар. Ал өсім бар жерде жанарудың, жаңғырудың болатыны анық.

Жалпы, халық санының артуы, әсіресе, тұрғын үй, мектеп, әлеуметтік нысандардың салынуын қажет ететіні анық. Өркениетті елдердегідей орта қалыптастыру үшін Алматыда ең алдымен сапалы коммуналдық инфрақұрылыммен қамтуын маңызы зор.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы жұртшылығымен кездесуінде қаланың барлық ауданын бірдей дамыту керек екенін тоқтала келіп, әкімдікке 3 жылдың ішінде барлық тұрғындарға орталықтан су беруді тапсырған болатын. Алдағы 2 жылда «Қарғалы», «Ақсай» өзендерінен су алатын 2 ірі құрылғыны іске қосу керектігі, Наурызбай және Алатау аудандарында су жинайтын жаңа орталықтар салу қажеттігі айтылған еді. «Бұл шаралардың арқасында 150 мың адамға су беріледі. «Ерменсай» және «Барлық» өзендерінен су тарту жүйесін де іске қосу маңызды. Су – тіршілік көзі. Тұрғындардың өмір сапасы тікелей суға тәуелді. Сондықтан сумен қамтамасыз ететін жаңа желі салу, жаңғырту жұмысын басты назарда ұстау керек», – деді Президент.

Мемлекет басшысының Алматыны дамытуға қатысты берген маңызды тапсырмаларын орындау бағытындағы жұмыстар мегаполисте қарқынды жүріп жатыр.

ЭЛЕКТР
ЭНЕРГИЯСЫМЕН ҚАМТУ

Биыл көктемде сарапшылар мен тұрғындардың барлық талап-тілектері мен өтініштері ескеріле отырып, Алматының 2040 жылға дейінгі бас жоспары қабылданады. Айта кеткен жөн болар, қазіргі уақытта қалада электр желілерінің

тозуы – 60%-ды, жылу коммуникацияларының тозуы – 50%-ды, су бұру жүйелерінің тозуы – 54%-ды құрап отыр. Осыған орай сала мамандары инженерлік желілерді қалай қалпына келтіруге болатыны жайында өз ойларын айтты. Мәселен, «Тырна» ЖШС-нің бас инженері Марина Хадиеваның айтуынша, Алматыға қосылған аумақтарда электр желілерін қайта құру және салу жұмыстарын жүргізу қажет. Бас инженер ол үшін ең алдымен ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3 станцияларын газға ауыстыру керек деп есептейді.

Бірінші кезекте қуаттылығын 572 МВт дейін ұлғайта отырып, ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3 станцияларын газға ауыстыру қажет. Бүгінде жаңартылатын энергия көздері – гидро, жел және күн электр станцияларын пайдаланатын Алматы облысының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі станциялардан электр энергиясын жеткізу жоспарлануда. 2025 жылға дейін «Кирпичная», «Шығыс қақпасы», «Айнабұлақ» секілді 110 кВ-қа үш электр қосалқы станциясы салынады. 2040 жылға қарай «Каскад-2», «Вокзальная», «Сахарный завод», «Театральная», «Завод Кирова», «ПС Ипподром», «Орбита», «Көкса́й» секілді тағы сегіз қосалқы станция салынады, – дейді бас инженер.

Оның айтуынша, құрылыстың белгіленген көлемін орындау кезінде коммуналдық-тұрмыстық және қоғамдық жүктеменің барлық объектілерін 2040 жылға дейін қосу қамтамасыз етіледі.

ЖЫЛУ МӘСЕЛЕСІ
ШЕШІЛЕДІ

Жоғары нормативтік шығындары бар жылу энергетикасы саласы Париж келісімі бойынша ұлттық міндеттемелерді орындауға ықпал ете отырып, энергия сыйымдылығын оңтайландыруға және көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтуға болатын ел экономикасының соңғы ірі секторы болып қала береді.

Қазіргі уақытта Алматының жылу желілерінің ұзындығы 1352 шақырымды құрайды. Оның ішінде магистральдық желі – 292 шақырым болса, тарату желілері – 1060 шақырым. Ал мерзімі өткен – 811,5 км (60%), оның ішінде магистральдық желілер – 108,4 шақырым, тарату желілері – 703,1 шақырым.

Бүгінде еліміздегі қала тұрғындарының шамамен 70%-ы орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Пайдаланылатын жылы-

ту жүйелерінің басым бөлігі 20–40 жылдан бері жұмыс істеп тұр. Бірақ олар энергия тиімділігінің заманауи стандарттарына сәйкес келмейді. Республиканың өңірлері бөлінісінде Алматының ескірген және жөндеуге мұқтаж жылу желілерінің үлесі бүгінде – 56,1%. Ал қаланың қазандық жабдықтарының тозуы 63,1% құрайды, – дейді «ҚазҒЗИ Энергопром» институты» АҚ Перспективалық жобалау бөлімінің бастығы Әлия Мамырбекова.

Айта кету керек, 2030 жылға дейін 3,2 шақырым жаңа магистральдық желілер, 112 шақырым тоқсандық және тарату желілері салынады. Бұдан бөлек, 540 шақырымнан астам тозған жылу желілерін ауыстыру көзделуде. Ал 2040 жылға дейін – 560 шақырымды қайта жаңарту жұмыстары қолға алынады деп жоспарлануда.

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ

Алматының сумен жабдықтау жүйесі елдегі ең ірі, бірақ 30 жыл ішінде қала шекараларында коммуналдық инфрақұрылым біркелкі дамымаған – кейбір бөліктерінде орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйесі жоқ.

Қолданыстағы желілердің негізгі бөлігі кеңестік жылдары дамудың жай-күйін және сол кездегі қала шекараларын бірнеше рет кеңейді. Қалаға бұрын инженерлік инфрақұрылымы жоқ совхоздар мен бау-бақша шаруашылықтарына тиесілі жерлер қосылды, – деп атап өтті «Алматыбасжоспар» ҒЗИ бас инженері Гүлнара Нахметова.

Алматы қаласының сумен жабдықтау және кәріз жүйесі – еліміздегі ең ірі жүйе. Қолданыстағы жерасты және жерүсті су көздерінің жобалық қуаты – тәулігіне 1343 мың текше метр, қаланың қазіргі қажеттілігі – тәулігіне 600–750 мың текше метр. Бүгінде шаһар шекарасындағы коммуналдық инфрақұрылым біркелкі дамымаған. Қаланың кейбір бөліктерінде орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйесі жоқ. Қолданыстағы желілердің негізгі бөлігі кеңестік жылдары дамудың жай-күйін және сол кездегі қала шекараларын ескере отырып салынды. Тәуелсіздік жылдарында қала шекаралары бірнеше рет кеңейді. Бұрын инженерлік инфрақұрылымы жоқ совхоздар мен бау-бақша шаруашылықтарына тиесілі жерлер қалаға қосылды, – дейді «Алматыбасжоспар» ҒЗИ ЖШС өкілі.

Бас маманның айтуынша, бүгінгі күні Наурызбай ауданы бойынша су тапшылығын жою мақсатында «Қарғалы» және «Ақсай» өзендерінде су дайындау бойынша екі станцияның құрылысы жүріп жатыр. Сондай-ақ, «Барлық» су қоймасын салу жоспарда тұр.

2026 жылға дейін Алатау, Наурызбай, Жетісу және Түркісіб аудандарында отыз кәріз сорғы станциясын салу жоспарлануда. Ал 2030 жылға дейін Күлжа трактісінен Жансүгіров көшесіне дейінгі Талғар су құбырларының бірінші және екінші тізбегі қайта жаңартылатын болады. Наурызбай ауданында «Батыс» коллекторын іске қосу жоспарлануда. Одан бөлек, қалада 2030 жылға дейін – 546 шақырым, 2040 жылға қарай – 1171 шақырым кәріз желілерін салу қарастырылып отыр.

«Алматы қаласының бас жоспарында Батыс және Боралдай коллекторларын, Қаскелен диокерін, Сорбұлақ бұру және апаттық-ағызу каналдарын реконструкциялау, қолданыстағыларын қайта жаңарту және жаңа кәріздік сорғы станциясын салу қарастырылған», – деп атап өтті «Алматыбасжоспар» ҒЗИ бас инженері Гүлнара Нахметова.



БРИФИНГ

БАҚЫЛАУ БАР ЖЕРДЕ БЕРЕКЕ БАР

Алматыда стандартизация мен метрологияны кім қадағалайды?

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Қазақстан Стандарттау және метрология институтының басшысы Зайнулла Маненов айтты.



Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және метрология институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты (ҚазСтИн) мен Қазақстан метрология институтын (ҚазМетИн) біріктіру арқылы құрылған. Аталмыш институт республикадағы стандарттау және метрология саласындағы

ұлттық техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесін әзірлейтін және жетілдіретін негізгі ұйым болып саналады.

ҚазСтандарт (бүкіл республиканы қамтитын 7 филиалы бар) Ұлттық стандарттау органы және Мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталық ретінде белгіленген.

«Біздің институттың қызметі жоғары ғылыми деңгейде қызмет көрсету арқылы қазақстандық өнімдер мен қызметтердің сапасын, қазақстандықтардың өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыруға, ұлттық стандарттау жүйесіне халықтың сенімін және ұйымның беделін арттыруға бағытталған. «ҚазСтандарт» РМК Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиалы 2020 жылдың қараша айынан бастап жұмыс істейді», – деді З.Маненов.

СТАНДАРТИЗАЦИЯ

Стандарттау жұмыстары Ұлттық стандарттау жоспарына сәйкес мемлекеттік органдар мен бизнес-қоғамдастықтың тапсырысы бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен және бастамашылық негізде жүзеге асырылады.

Отандық өнімдердің, процестер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін, қауіпсіздігі мен сапасын арттыру шеңберінде 2022 жылғы 1 ақпаннан бастап Қазақстан Республикасының резиденттеріне республиканың барлық қолданыстағы ұлттық стандарттарына еркін қол жеткізуге мүмкіндік берілді.

«Осы бастаманың арқасында ұлттық стандарттарға қызығушылық артып, оларды алуға сұраныс артқанын айта кеткен жөн», – деп хабарлады З.Маненов.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ТАЛАП БАРШАҒА ОРТАҚ

ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті тексеру жұмыстарын жүргізді

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингке Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Сауықбек ҚАПАЕВ қатысып, 2022 жылы орындалған негізгі іс-шаралардың қорытындысы туралы айтты.



Департаменттің басты міндеттерінің бірі – мемлекеттік тапсырысты іске асыру және техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау саласында өлшем бірлігін қамтамасыз ету және аккредиттеу салаларында, сондай-ақ асыл тастарды, зергерлік бұйымдарды және бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған басқа да бұйымдарды сату кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру болып табылатынын атап өткен жөн.

2022 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) барлығы 500 тексеру жүргізді, оның ішінде 39 – субъектіге (объектіге) барумен профилактикалық бақылау және қадағалау, 415 – субъектіге (объектіге) бармай-ақ профилактикалық бақылау және қадағалау, 46 – жоспардан тыс тексерулер. Жүргізілген 427 тексеруде Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу, аккредиттеу және өлшем



бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын бұзу фактілері анықталды. Бұл жүргізілген тексерулердің жалпы санының 85%-ын құрады.

ЗАҢ БҰЗҒАНДАР АЙЫППҮЛ АРҚАЛАДЫ

Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Сауықбек Қапаевтың айтуынша, уәкілетті органның қатынастарында тауарлардың шығу тегі туралы сертификаттар бергені үшін 2 жоспардан тыс тексеру жүргізілген. Сондай-ақ, департаменттің Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы қозғалған материалдар негізінде сертификат алу үшін сараптама актілерін беру тәртібін бұзғаны үшін тауардың шыққан елін айқындау бойынша 7 сарапшы-аудиторға жалпы сомасы – 165 402 теңге әкімшілік айыппұлдар салынды. 2022 жылдың 12 айында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілді. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын сақтау мәніне барлығы 39 субъект тексерілді. Оның қорытындысы бойынша 22 жағдайда «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» ҚР Заңын бұзушылықтар анықталды. Тексерілген 30047 өлшем құралдарының 717 бірлігі белгіленген тәртіппен кезекті салыстырып-тексеруден

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында 73 000 стандарттау құжаттары (стандарттар, ережелер, әдістер, нұсқаулықтар, ұсыныстар және т.б.) бар. Бүгінгі таңда қазақстандық стандарттау жүйесі халықаралық тәжірибені ескере отырып жетілдірілуде және халықаралық деңгейде келісілген инновацияларды, шараларды, нұсқауларды және озық тәжірибелерді қамтамасыз ететін халықаралық стандарттарды бейімдеуге бағытталған.

«ҚазСтандарт» стандарттарды енгізу бойынша жұмыс жүргізілетін экономика салаларындағы ең осал аймақтарды анықтады: аттракциондардың қауіпсіздігі, жолдарды салу және жөндеу, туристік қызмет көрсету сапасын арттыру, қалалық қауымдастықтар мен жүйелерді дамыту (қалатану), мемлекеттік тілдің деңгейін көтеру, денсаулық сақтау, еңбекті қорғау және т.б. 2022 жылға арналған стандарттау жоспары кезінде 17 ұлттық стандарт, 431 стандарт және туризм бойынша ұлттық стандарттарға 2 өзгеріс жобасын әзірледі.

АТТРАКЦИОНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Аттракциондарды пайдалануға беру және пайдалануға беру кезіндегі қауіпсіздік талаптары, оны қолдану бойынша ұсынымдар берілді және әкімдік пен қалалық саябақтар өкілдерінің қатысуымен «Дөңгелек үстел» өткізілді, онда аттракциондар мен балалар алаңдарының қауіпсіздігі мәселелері бойынша ҚР қолданыстағы заңнамасын қолдану бойынша түсініктемелер берілді.

КӘСІП АШ, ІСІҢДІ ДӨҢГЕЛЕТ!

Мемлекетке масыл болмай, өз күнімді өзім көремін дегендерге қолдау көрсетіледі



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Business.enbek.kz порталында биылғы 20 ақпаннан бастап, 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 1-ші лек бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға өтінімдер қабылдау басталады.

Республика бойынша алғашқы лекте 2577 адамға гранттар беру жоспарлануда. Мемлекеттік грант – нысаналы мақсаты жаңа бизнесті іске қосу және дамыту болып табылатын өтеусіз берілетін бастапқы капитал. Грант көлемі 400 АЕК-ті (1 380 000 теңге) құрайды. Әр қатысушы оны тек бір рет ала алады.

Гранттар қаражаты ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өздерінің бизнес-әлеуетін ашуға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Өтінім беру үшін: порталда тіркелу; грант алу шарттарына сәйкестігіне тексеруден өту; бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алып, оны толтыру және порталға енгізу; өтініш нысанын толтыру және ЭЦҚ кілтпен қол қою қажет. Интернетіңіз немесе компьютеріңіз болмаған жағдайда, Халықты жұмыспен қамту орталығының өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында, ХҚКО-тарында өтінім беруге болады. Грант алу үшін біркатар шартты сақтау қажет. Яғни жаңа бизнес-идеясын іске асыруға мемлекеттік грант алуға үміткер бола алатындар: тіркелген жұмыссыздар; жеке кәсіпкерлер (тіркеу мерзімі 3 жылға дейін).

Бұл ретте үміткер – мүгедектігі бар адамдар; қолданыстағы «қандас» мәртебесі бар адамдар; өңіраралық қоныс аударушылар; аз қамтылған отбасы мүшелері; көпбалалы отбасы мүшесі (жұбайы/зайыбы); мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адам (жұбайы/зайыбы); асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар сынды әлеуметтік санаттарда болуға тиіс. Үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту туралы 3 жылдан аспайтын мерзімге сертификаты болуы керек. Рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету, адами факторды азайту, өтініш берушілерге ыңғайлы болу үшін гранттар берудің бүкіл процесі электрондық форматқа ауыстырылған. Грант алуға өтінімдерді қабылдау бірыңғай терезе – «Business.enbek.kz» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекет берген грантты кәсібіңізді жүргізуге қажетті құрал-саймандар, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтар, мал, жануар, құстар, көшеттер, бұталар, тұқымдар сатып алуға, орын-жайларды жалға алу ақысын төлеуге алуға болады. Ал тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді.

Гранттарды Халықты жұмыспен қамту орталықтары грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі аудандық/қалалық комиссияның шешімі негізінде береді. Үміткерлер бизнес-жобасын комиссия отырыстарында таныстырады. Бұл ретте комиссияның әрбір мүшесі бизнес-жоспарды бағалайды және бағалау парағын мынадай өлшемшарттар бойынша толтырады: бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі, өткізу нарықтарының пысықталуы, бизнес-жобаның қаржылық өміршендігі, кәсіпкерлік дағдылардың деңгейі, жаңа жұмыс орындарын құру. Комиссия шешімі үміткердің порталдағы жеке кабинетіне жіберіледі. Комиссияның оң шешімі болған жағдайда үміткер банк деректемелерін ұсынады, шартқа қол қояды және одан әрі тоқсан сайын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді. Мұның бәрі Халықты жұмыспен қамту орталығына бармай-ақ, электрондық форматта жасалады.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



САЙЛАУ – 2023

«Біз көпшіліктің мүддесін білдіретін депутаттардың жаңа құрамын жасақтаймыз. Бұл қадам мәслихаттар мен Парламент жұмысының тиімділігін арттырады сөзсіз. Болашақта Үкімет құрамына сайлаушылардың басым көпшілігінің дауысын алған саяси күштердің ғана емес, Парламенттегі басқа да партиялардың өкілдері кіруі мүмкін. Мұндай тәсіл атқарушы билікке бүкіл қоғамның талап-тілегін ескеретін тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.


ларды ынталандырайық. Егер басында ипотекасы болса, қаржысын төлеуіне жәрдем етейік. Сырттағы ағайынның келуі бәсеңдеді. Қандастар келсе, атамекенге келген ағайынды солтүстіктегі бос жатқан өңірге қоныстандырайық. Құжатпен сандалтпайық. Кәсіп бастауына қолдау білдірейік. Міне, осыны жасасақ, қазақ өсіп-өнеді. Өз елімізде өзіміздің үлес салмағымыз артқаны дұрыс. Себебі, мемлекет құраушы ұлт – қазақ. Бұдан жасқанып, қысылып қымтырылмайық.

Халықтың санын еселеп көбейтуден тайсалмайық. Бұған келгенде тайғанауды қоялық. Арманым – қазақтың 30 миллион болғанын көру. Саясатта «аз халықты басқару оңай»

МЕМЛЕКЕТШІЛ БОЛУ – МӘРТЕБЕ

Парламентте елдік, ұлттық құндылық тұла бойында тұнып тұрған азаматтар болуы қажет

Қазақ мемлекетінде саяси өзгерістер жүзеге асуда. Ел еңсесін тіктейтін игі бастамалар қолға алынып жатыр. Әлеует пен әлеуметтік салада қарқын байқалады. Ең бастысы, атқарылып жатқан істер жүйелі, сапалы, артық шығынсыз орындалады деген ниеттеміз.



Бұқара мен билік – егіз ұғым. Мұны әркім әрқилы топшылайды. Шындығында, арасында тас қамал жоқ. Осы екеуі бірлескенде қоғам дамып, жаңа белестерді бағындырады ақиқат. Тауып айтылған сөз деп білеміз. Елге белгілі, жұрт сөзін тыңдайтын тұлғалар жетерлік. Әділ қоғам құру ісінде алдыңғы буын ағалардың ой-пікірі маңызды. Осыған орай, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Еңбек Ері, жазушы-драматург Дулат ИСАБЕКОВПЕН әңгімелескен едік.

ЖАҚСЫ ҰҒЫМДЫ ЖАҚЫНДАТАЙЫҚ

– Әділ қоғам құру үшін қайтпек керек?

– Әділет сөзінде үлкен мән-мағына бар. Түсінген жан артық ойланып жатпайды. Қоғамның саулығы үшін іспен кимылдайды. Қордаланған мәселенің шешімін табады. Біздің уақытта өткен-кеткен олқылықтың орнын толтыру маңызды. Олай етпекке шара жоқ.

Саясатта идеология дейтін ұғым барын білесіздер. Алыстан бұра тартпай, қарапайым тілмен айталық. Елімізде жақсы істер жасалуда. Ескі мен жаңа деп бөле берудің қажеті шамалы. Иә, бұрын олқылық кетсе, оны бүгін түзеуіміз керек. Уақыт бір орнында тұрмайды. Нағыз Әділетті Қазақстан құрамыз десек, барлық салада даму үдерісі жүргені дұрыс. Ол экономика, саясат, әлеумет және т.б.

Осы күні жақсы жаңалықтарды көп естиміз. Игілікті істерді көбірек айта бастады. Бірақ өткен күн бәрібір тарих. Кеткен кемшіліктен сабақ алып, жарқын болашақтың жолын айқындайық. Мұның уақыты тап қазірге тура келіп тұр. Жатсақ та, тұрсақ та ойлайтынымыз елдің қамы болуы міндет.


САЯСИ ЭЛИТА ҚАЖЕТ

– Сайлаудан қандай өзгеріс күтесіз?

– Елімізде ауқымды өзгеріс орын алу үстінде. 19 наурызда Парламент Мәжілісі мен мәслихат сайлауы өткелі жатыр. Бұл – жауапты кезең. Жеңген париялар депутаттық мандаттарға ие болады. Қанша дегенмен, жаңа лептің екпіні болады. Олар көп нәрсені өзгертеді деп топшылаудамыз.

Осы жолғы саяси дода сол өзгеріс. Бұған түсетін кандидаттарға қойылған талап ерекше. Ол жағы бір әңгіме. Менің үмітім бірмандатты үміткерлерде. Яғни мажоритарлық жүйе бойынша науқанға араласпақ. Партияға тәуелсіз болудың айырмашылығын айтайық. Әлгі бірмандаттан сайланса, өз ойын ашық білдіреді деп сенеміз. Жеке-дара адамның түсуі қуантады. 30% депутаттар саяси дода алаңында тәуір бастама жасайтын шығар. Міне, осы жағынан келгенде көңілде зор үміттің лебі маздап тұр.

Саяси процесс – саяси өзгерісті орнатады. Құр сөзден гөрі нақты іске көшейік. Жәй әншейін дақпырт ұзаққа апармайды. Мемлекет те, қоғам да ақыл-парасатына құлақ асатын тұлға сайланса екен. Биліктің заң шығарушы органында тұлғаның бәсі жоғары болса игі болмақ. Әрбір саяси шешімнің көші ұлттық мүддеге сай келуі шарт.



ХАЛҚЫҢА КӘДЕЛІ ІС ҚЫЛ

– Мемлекеттік қызметші дегеніміз кім?

– Бұл сауалдың алдыңғы оймен сабақтасады. Мемлекеттік құрылымның ережесі бар. Таңғы 9.00-ден кешкі 18.00-ге дейін жұмыс кестесі берілген. Аптасына 5 күн. Осы уақытты тез өткізуді емес, осы аралықта еліме, халқыма қандай пайдам тиді деп түйсінуді парыз. Сонда ғана халқыңа кәделі іс қылған болып саналасыз.

Мемлекеттік қызметшінің алдында «Осы мемлекеттің дамуы үшін бүгін не істедім, не бітірдім?» деген сұрақ тұруы керек. Тек іс-қағаздармен шұғылдана беруден іс өнбейді. Күнделікті мөр басып, қол қойдыра беруден не пайда?! Егер әр құжаттың мәтіні, мағынасы қазақ қоғамын ілгерілетуге пайдасын тигізсе, кәде деген сол.

Ежелгі рим философы Сенека «үрей патшалардың сақшысы» дейді. Бүгінгі мемлекеттік қызметкер ертеңгі елдің тізгінін ұстайтын мемлекет басшысы. Бұл – анық аксиома!

Елімізде «300 президенттік кадр резерві» бар. Жуырда осы тізімнен министрлер тағайындалды. Жас азаматтардың билік басына келгеніне қуаныштымыз. Ұлттық мүдде мен мемлекет ісінің аражігін ажырата білу қажет.

Дәлірек:

- Саясат, экономика – мемлекетті танытады.
- Ал әдебиет пен өнер – ұлтты танытады.

Мемлекетті дамытудың саяси және ұлттық ерекшелігіне терең бойламай, ілгері басу қиын. Бұрынғыдай Мәскеуге бағынбаймыз. Тәубе! Өз тізгініміз өзімізде. Мемлекеттік қызметші – ұлтың үшін жұмыс істе. Бәріміз солай етсек, ешкім аларып қарай алмайды.

Саяси элита қалыптастыратын кез жетті. Ұдайы АҚШ, Еуропа, жалпы сырт елді мысалға келтіреміз. Солардың жақсы жақтарын алайық.

Парламент – өте ықпалды институционалдық құрылым. Англия басшысы болып Лиз Трасс келіп еді, оны ұнатпай парламенті шешім шығарып, қызметінен алды. Оның орнына Риши Сунак бекітілді. Өткенде ол көлігінде белдік таппады. Бұқаралық ақпарат құралдары шулап қоя берді. Премьер-Министр өзінің қателігін мойындады. Сөйтіп, оған айыппұл салыныпты. Демек, Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары сынды дамыған державалар Конституция шеңберінде қызмет қылады. Бәрін заңмен шегелеп қойған. Уағында АҚШ-тың Конгресі Дональд Трампқа импичмент жариялады. Бүгінгі Джо Байденнің жағдайы да белгілі. Саралай келгенде, Парламентте елдік, ұлттық құндылық тұла бойында тұнып тұрған азаматтар болуы қажет. Сонда олқылықтың орны толады. Ойға алған орамды ойлар жүзеге асады.

Тұлғалардан депутат сайлауға әбден болады. Ол үшін тұлғаларда ниетті болуы керек шығар. Талпынбасаң ештеңе шықпайды. Алға ұмтылсаң, түбі бір жақсылық істеуге мүмкіндік туады. Саяси элита қалыптастыру заман мен уақыттың алдымызға қойған өзекті талабының бірегейі. Ерте ме, кеш пе, мұны жүзеге асыру қажет болады. Бар ниетіміз жең ұшынан жалғасқан жемқорлықты тежеу. Елдің өз нанын өзіне беру. Қазынаға қол салдырмау. Бастысы, мақсат бар, ниет тұзу, бағдар айқын. Болашақта жаңа бетбұрысқа мойын бұрып, ғажайып дүние іске асады деп ойлаймыз.

ДЕМОГРАФИЯҒА ДЕМЕУ КЕРЕК

– «Ана капиталын» енгізетін уақыт келді ме?

– Әрине, келгенде қандай! Бүгінде «Ана капиталын» енгізетін уақыт келді. Демографияға мемлекет, ауқатты адамдар тарапынан демеу керек. Көпбалалы болуға жас отбасы-

деген ұғым ұшырасады. Жаңсақ пікір дер едім. Қашан «Ана капиталын» мемлекеттік бағдарлама етіп енгіземіз, сол уақыттан бастап халықтың демографиялық ахуалы түзеледі деп сенеміз. Ұлан-байтақ даланы игеретін, сауатты, білімдар, іскер ұрпақ қалдыру ерлік болар еді.

ЖАСТАРҒА КӨҢІЛІМ ТОЛАДЫ

– Жастарға нендей ақыл-кеңес айтасыз?

– Айналайын қазағымның ұл-қыздары-ай?! Бәріне ризамын! Ең негізгісі, өздеріңе сеніңдер. Данышпан Абай «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, ақылың мен еңбегің екі жақтап» дейді. Осыдан артық аталы сөз болмас. Қазір осы ұстанымды ұстап тірлік қылса, біраз жемісті де, жеңісті жол бар сияқты. Жақсылықтың сәулесі қылаң беріп келеді. Өйткені, жаңа ұрпақ өсуде. Өзін әділ әрі белсенді ұстай алса, ол мемлекетті де басқара алады.

Жастар әр салаға бейім болса деймін. Біреуі саясатқа икемделсе, екіншісі мемлекет тізгінін ұстаса, үшіншісі бизнеспен шұғылдана екен. Бүгінде осы айтылғандарды іске асырып жүрген жастар бар сияқты. Шетелде оқып келгендері де өте білімді. Мінеки, мен де Алаштың алып тұлғасы Мағжан Жұмабаев сияқты «мен жастарға сенемін» деп қосар едім.

Түйіндеп айтқанда, менің жастарға көңілім толады. Алғыр, зерек ұрпақты көргенде көңілдегі күдік сейіледі. Қарақтарым, әділ, ашық, бәсекеге қабілетті мемлекет жүйесін құратын қазақы рухты, отаншыл, елім, жерім дейтін мына сендерсіңдер.

Қазақ мемлекетінің әскери, экономикалық, ең бастысы, рухани тұғыры мықты болсын!

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ПЕДАГОГИКА

ҰЛТ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында білім беру жүйесінің ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқаратынын айта келе, «Қазақта «Ұлт болам десен, бесігіңді түзе» деген жақсы сөз бар. Сапалы білім – табысты ұлт болудың басты шарты. Сондықтан әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін барлық жағдай жасалуға тиіс. Әділетті Қазақстан құру ісінде де мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде ұстаздың абыройын арттыру үшін соңғы жылдары көп жұмыс жасалды» деген еді. Мемлекет басшысы айтқан сапалы білім мен білікті маман шоғырланған білім ошағының бірі – «Саялы» ықшамауданындағы №180 жалпы білім беретін мектеп. Қазір аталмыш мектепте Әділетті Қазақстан құрудың алғышарты – адал ұрпақ тәрбиелеу ісі қызу қолға алынып отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

«Саялы» ықшамауданы тұрғындарының дені Мемлекет басшысының тапсырмасына сай баспаналы болған жас отбасылар. Бүгінде олар еліміздің дамуы мен өркендеуіне өзіндік үлестерін қосып жатыр. Жас отбасылардың балалары ықшамауданның орталығында орналасқан №180 мектепте білім алып жатыр. Бастапқыда 1200 оқушыға арналып салынған мектепте небәрі 430 оқушы, 46 мұғалім бар еді. Ал қазір 2222 оқушы мен 156 мұғалімі бар үлкен ұжымға айналды.

Осы мектептегі «Саялы менің мекенім» атты кешке жиналған қонақтар алдымен мектептің ішкі тыныс-тіршілігімен танысып шықты. Табысты еңбек еткен мектеп ұжымының қол жеткізген жетістіктері де айтарлықтай. Әсіресе, тарих пәнінің мұғалімі Маржан Ерғалиқызы жетекшілік ететін «Ұшқын» пікірсайыс клубының дебаты көптің көңілінен шықты, оқушылар саясаттан да хабардар екендіктерін танытты.

Мектеп басшысы Қазақстан Респуб-

ликасы Білім беру ісінің үздігі Ләззат Байшымырқызы үздіксіз ізденіс пен жүйелі жүргізіліп келе жатқан жұмыстардың нәтижесінде мектептегі білім сапасының да, материалдық базасының да жыл сайын жақсарып келе жатқанын жеткізді. Аталмыш мектеп қазір көп айтып жүрген заманауи мектептің бірі болғандықтан, мұнда оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруына, спортпен шұғылданыуына барлық жағдай жасалған. Мәселен, бірнеше спорттық секциялардың жұмыс істеуіне болатын қала әкімінің тікелей қолдауымен ашылған спорт алаңдары бар.

Сонымен қатар, «Достық» хоры, Дауа Үмітхан жетекшілік ететін «Үміт» би үйірмесі, Фарида Құзбаева жетекшілік ететін «Телқоңыр» домбыра ансамблі де оқушылардың сабақтан тыс уақытты бос өткізбеуіне мүмкіндік жасап отыр. Заманауи мектепте оқушының өмір қауіпсіздігі басты орында. Мұнда ғимарат іші Face ID заманауи қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған. Сырттан бөгде жандар бейсауыт кіре алмайды. Оқушылардың ата-аналары ұялы телефоннан балалары-



ның мектепке кіріп-шыққаны туралы хабарламалар алып отырады.

Өркениеттің соңғы жаңалығы саналатын Face ID қауіпсіздік жүйесінің базасына енгізілмеген бала немесе бөтен адам ғимаратқа кірсе, онда күзет бекетінде «бөтен адам» бейнеленеді. Осы мезетте күзет қызметкері де бұл адамның кім екенін және мектепке қандай мақсатпен келгенін анықтай алады.

Мектептің жүргізіп отырған жүйелі жұмысы туралы әңгімелеген Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова мектептің алдыңғы қатардан көрінуі еселі еңбектің арқасы екеніне тоқталып, бірлігі жарасқан ұжымның гимназия, лицей мәртебесін алуға зор мүмкіндігі бар екенін айтып, табыс тіледі. Алатау ауданы әкімінің әлеуметтік сала бөлімінің басшысы Ләйла Оразбаева, Алатау аудандық білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Ақмұрзаева, қалалық «Ұстаз» кәсіподағының төрағасы

Серікжан Байғұтдинов, Алатау аудандық «Ұстаз» кәсіподағының төрағасы Қайрат Мұхамедиев, Наурызбай аудандық білім бөлімінің басшысы Салтанат Амангелдіқызы, ұстаз Қыздығой Егемова сөз алып, жүрекжарды лебіздерін білдірді. Бұл күні ұзақ жылдан бері еңбек етіп келе жатқан ұстаздардың да еңбегі еленіп, марапаттарға ие болды. Қазіргі таңда осынау білім ұясынан алған білімдерін шетелдік беделді оқу орындарында жалғастырып жатқан түлектер де арнайы келіп, қуанышқа ортақтасты. Олар өздерінен кейінгі мектеп оқушылары оқысын деп, кітапхана қорына әлемнің ең үздік шығармаларын тарту етті.

Осы мектептің ата-аналары – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Талғат Күзембаев, «Ұлытау» тобының солисі Рүстем Бакеев, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әншісі Ұлжан Ақлақова, Жігер мен Жанат дуэті орындаған әндер әсерлі кештің шырайын аша түсті.

«TARTYL FEST»

ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАЙДЫ

«Tartyl Fest» республикалық турнирінің финалистері Қазақстан құрамасы атынан әлем чемпионатына барады. Сөйтіп, әлемдік аренада біздің батырлар ел намысын қорғайтын болады.



Бұл жайында Inform.kz дерегінше, «Хабар» телеарнасындағы «Оян!» бағдарламасына қатысқан жоба ұйымдастырушыларының бірі Айтым Жақыпов мәлімдеген.

– Қазақстан – осы спорт түрін белсенді дамытып келе жатқан әлемдегі алдыңғы қатарлы ел. Өйткені, Қазақстан «street workout» бағытына мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетеді. Ал бұл – көше спорты. Бүгінгі таңда әрбір аулада «workout» бойынша мамандандырылған алаңдар бар.

Сонымен қатар, үлкен масштабтағы Tartyl Fest фестивалі әлемде бірінші рет бізде өтіп жатыр. Ең бастысы, Tartyl Fest финалистері бізбен бірге Қазақстан командасының атынан әлем чемпионатына барады, – деді Айтым Жақыпов.

Айта кетейік, алдағы сенбі күні елордада «Tartyl Fest» турнирінің гранд-финалы өтеді. Оған 170-ке жуық адам қатысады деп жоспарлануда.

– Биылғы 18 ақпанда Астана қаласында «Tartyl Fest» спорттық жобасының гранд-финалы өтеді. Оған қатысу үшін іріктелген 180 адамның 170-і келе жатыр. Сондықтан гранд-финал тартысты болады деп ойлаймыз, – деп бөлісті «Dara» дарындыларды қолдау қорының директоры Еркін Ташев.

Оның айтуынша, Tartyl Fest – ТМД деңгейінде өтіп жатқан бірегей спорттық жоба.

– Tartyl Fest – ТМД және оның аумағынан тыс деңгейде өтіп жатқан спорттық жобалардың бірі. Оның авторы – Нұрлан Қоянбаев мырза.

Ол кісі бұған дейін берген сұхбаттарында осындай жобаны қолға алатынын айтып жүрген болатын. Содан бізді қолдайтындар табылып, қор ашылып, осы жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Бұл спорттық сайыс көпшілікке ұнады.

Өйткені, бұл – өте қолжетімді спорт түрі. Бұған арнайы дайындықтың керегі жоқ. Тек спорттық киімнің болса болғаны. Қазір кез келген аулада турниртер бар, – деп тоқталды Еркін Ташев.

ШИНКИОКУШИНКАЙ

КАРАТЭ ТУРНИРИ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ

Алматы қаласында, 19 ақпан күні ересектер арасында Каратэ Шинкиокушинкайдан Қазақстан Республикасының ашық салмақтағы кубогы өтеді.

Алматы қаласының Спорт басқармасының сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, 18 жасқа толған кез келген салмақ-

тағы каратэшілер бақтарын сынау үшін еліміздің барлық өңірінен жиналғалы отыр. ҚР Кубогы – 2023 жылдың күзінде Жапонияда өтетін ересектер арасындағы абсолютті әлем чемпионатына іріктеу ойыны. Турнир қорытындысы бойынша ең мықты төрт спортшы Токиоға аттанады. Токиодағы чемпионат каратэ шинкиокушинкайдан төрт жылда бір рет өткізілетін ең ірі шара болып Олимпиада ойындарына теңеледі.

Өтетін орны: Саду Арена, әл-Фараби даңғылы, 128/7. Салтанатты ашылу уақыты: 10.00.

ШАХМАТ

ҚОЛДАУ АРТАДЫ

Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов Халықаралық шахмат федерациясының (FIDE) президенті Аркадий Дворкович бастаған ресми делегациямен кездесті.

Prosports.kz дерегінше, тараптар бірнеше маңызды мәселелерді, соның ішінде биыл көктемде Астанада өтетін шахматтан әлем чемпионатын ұйымдастыру мәселелерін талқылады.

«FIDE-нің біздің елді таңдауының бір себебі бар екенін атап өткім келеді. Қазақстан шахматтан ең тамаша кезеңді бастан кешуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі шахмат қозғалысының дамуын жеке бақылауында ұстап отыр.

2022 жылы республика бойынша 7618 секцияда 253 мыңнан астам адам шахматпен жүйелі түрде шұғылданды. Оқу жылының басынан бері «Шахмат» пәні таңдау пәні ретінде 28 мыңға жуық балаға арналған 654 мектепте енгізілді», – деп жазды Асхат Оралов Facebook парақшасында.

Министр атап өткендей, жас шахматшыларға үлгі болатын спортшылар бар. Динара Сәдуақасова, Жансая Әбдімәлік, Бибісара Асаубаева және басқа да шахматшылар тарихта өз есімдерін қалдырды.

«Күзде Қазақстан Республикасының Президенті FIDE басшысымен кездесіп, біздің ел мен Халықаралық шахмат федерациясы арасындағы ынтымақтастықтың келешегін талқылады. Және бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастырудамыз», – деді Мәдениет және спорт министрі.

**Әзірлеген
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.**



ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА

ҰЛТТЫҚ ӨНЕГЕ, ҚАЗАҚЫ БОЛМЫС

ережелерін ұстаздық тәжірибеде тиімді пайдалана алсақ, игі мақсаттарға қол жеткізе алғанымыз

Шыны керек, қазіргі жас-өспірімдер арасында арақ ішу, темекі тарту, СПИД, нашақорлық, қыздарымыз он екіде бір гүлі ашылмай жатып бала көтеру деген секілді жағымсыз қылықтар көбейіп кетті. Мұның сыры неде? Біз мұны арнайы зерттеп, түйінін тарқатып көрдік пе? Айналып келгенде, осының барлығы біздің халықтық педагогикадан ажырап, мектептегі бағдарламаларымызды еуропалық жүйеге сәйкестендіріп жатқандығымыздан емес пе?

Қазір еліміздегі орта оқу орындарында америкалық әдіс, еуропалық әдіс деген секілді бағдарламалар жаппай енгізіліп кетті. Оның үстіне, ЖОО-лардың барлығы Болон жүйесіне көшіп жатыр. Осының бізге пайдасы бар ма, жалпы, еуропалық үлгіні мектеп бағдарламасына енгізгеніміз қаншалықты дұрыс?

Енді халықтық педагогиканы мектептерге қалай енгізу керек дегенге келетін болсақ, ол үшін бұған Үкімет тарапынан қолдау керек. Сондай-ақ, мұны мектептерге пән ретінде енгізгеннен кейін оның әрбір сағатына қаржы бөлінсе екен. Одан кейін арнайы ұлттық бағдарлама жасап, оған ғалымдарды емес, бұрын мектептерде ұзақ жыл жұмыс істеген, тәжірибесі мол педагогтарды тартсақ жөн болар еді. Негізгі ұлттық бағдарламаның әдістемелерін солар жасағаны дұрыс. Онымен қоса, елімізде мықты-мықты небір этнографтар бар, көзі ашық, көкірегі ояу ақсақал қарттарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз бар, осылардан үйренеріміз көп. Бұл жерде басқа жақтан көшірме алудың керегі жоқ. Барлық өнеге қазақтың өзінде тұр.

Сондықтан қазақы дәстүрді ғылыммен байланыстыру керек. Оның үстіне, қазір жастарымыздың барлығы интернетті жақсы меңгерген. Интернетке қазақтың ұлттық құндылықтарын таратып, қазақы дәстүрді дәріптейтіндей жақсы дүниелерді кіргізсек, ол да үлкен септігін тигізеді. Сонымен қатар, ЖОО-ларда халықтық педагогика мамандарын дайындайтын арнайы кафедралар, зертханалар ашылса, құба-құп болар еді.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Зейнеп АХМЕТОВА,
Батыр Баукеннің келіні, жазушы:Қазақтың
мақал-мәтелі тұнып
тұрған тәрбие

Мен түрлі әдістемелерді аннан-мұннан көшіріп алып, мектеп бағдарламасына енгізе бергенге қарсымын. Халықтық педагогиканы біз қазақ мектептеріне міндетті түрде енгізуіміз керек. Қазір бізде кеңес кезінен қарағанда қазақ мектебі де, балабақшасы да көп. Алайда, оның барлығы ұлттық жүйемен негізделмеген. Демек, Қазақстанда ұлттық мектеп жоқ. Біз әлі күнге дейін шетелдің әдіс-тәсілдерін қолданып келеміз. Қазақтың өлең-жыры, мақал-мәтелі тұнып тұрған тәрбие емес пе? Неге оны бір жүйеге келтіріп, мектеп бағдарламасына енгізбеске? Шынымды айтсам, ғалымдардың жазғандарын мен түсінбеймін. Мектеп бағдарламасын ғылыми тілмен шиыршықтаудың керегі жоқ. Кәдімгі, көпшілік түсінетіндей, қарапайым тілмен жеткізуіміз керек.

Қалай десек те, халықтық педагогиканы мектептерге пән ретінде енгізуге тиіспіз. Себебі, халық педагогикасы – қазақ халқының сан ғасырдан бергі ата-бабадан ұрпаққа өлмес мирас, өмірлік мұра болып жатқан тәлім-тәрбие жөніндегі тәжірибесі. Яғни аға буын өкілдерінің тәрбие тұрғысындағы жинақталған бай тәжірибелеріне сүйене отырып, өскелең ұрпақты адал еңбекке, ұлтжандылыққа, өнер-білімге баулу, салауатты өмірге бейімдеу, адамгершілік қасиеттерге

ТҮЙІН:

Әрине, халықтық педагогика дәстүрінде білім беруді қазақ мектептерінің оқу бағдарламасына енгізе салу – бір күнде шешіле салатын шаруа емес. Бұған кезең-кезеңмен көше отырып, мәселенің түйінін шешудің бірнеше жолын қарастыру керек. Бұл жерде үш тілділікке ешкім қарсылық білдірмейді. Әрине, ағылшын тілін білу – үлкен сұраныс. Онсыз біз әлемдік технологиямен, әлемдік инновациямен жұмыс істей алмаймыз. Десек те, бұл ретте қазақы дәстүрді де, ұлттық педагогиканы да ұмытпағанымыз жөн болар. Сіз не дейсіз, ойлы оқырман?

Ұлдана БАЙЖАНОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

БАЙҚАУ

АҚЫН ЕСІМІ –
ЕЛ ЕСІНДЕ

Алматыда мектеп оқушылары арасында «Фариза, Фаризажан, Фариза қыз» атты Фариза Оңғарсынованың жырларын оқу мен өлеңдеріне жазылған әндердің байқауы өтті. Байқауға бастауыш сыныптан бастап, жоғары сыныпта оқитын оқушылар қатысты. Байқауда ақынның сіңлісі Алмагүл Оңғарсынова қазылар алқасының төрағасы болды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Байқауға қатысушы оқушылар «Көркем сөз» аталымы бойынша Фариза Оңғарсынованың өлеңдерін жатқа оқып, жарысты. «Ақындық өнер» аталымында жас ақындардың Фаризаға арнаған өлеңдеріне кезек берілді. Бұл күні Фариза ақынның өлеңдеріне жазылған әндер де шыркәлып, жүректерді тербеді.

– «Поэзияның падишасы» атанған Фариза ақынның өмірден өткеніне де он жылға жуықтапты. «Көзден кетсе, көңілден де кетеді» демекші, Алаштың арқалы ақын қызының есімі ұмыт болуға айналғандай еді. Осы байқау өтеді деп естіген соң әдейі келіп, балалардың өнерін тамашалап отырмын. Әрі өзімнің 4 жасар немеремді де ерте келдім. Ол кішкентай болса да, ақын апасының өлеңдерін жатқа оқиды. Кезінде Фаризамен ұзақ жыл көрші тұрдық. Оның айтқан әңгімелерін, өзіне ғана тән әзіл-қалжыңын сағынып жүрмін, – дейді ардагер ұстаз Мара Қайырлықызы.

Байқау соңында Алмагүл Оңғарсынова барлық қатысушыларға әулеттің атынан алғысын білдіріп, «Фариза» атты естеліктер жинағын табыс етті. Байқауды ұйымдастырушы Мереке Смайыловаға ризашылығын жеткізді. Барлық жеңімпаздар Алғыс хатпен марапатталып, естелік сыйлықтарға ие болды.

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі №347 «Бастапқы әскери даярлық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес барлық мектептер әскери бөлімдерге бекітілген. Аталмыш бөлімдердің қызметі жастарды әскери-патриоттық, рухани-адамгершілік және дене тәрбиесіне баулуға бағытталған.

Осы ретте Түркісіб ауданындағы №61 жалпы білім беретін мектепте Қазақстан армиясының, жекелеген жиынтық атқыштар батальонының Тәжік-Ауған шекарасынан шығарылған күніне орай, «Мен елімнің патриотымын» атты кеш өтті. Сонымен қатар, бұл күні мектеп қабырғасында «Қаһарман ұрпақ» әскери-патриоттық клубының құрылған күні де атап өтілді.

Мемлекеттік Әнұран орындалған соң саптағы сарбаздар Отан үшін от кешіп, қаза болған боздақтардың рухына тағзым етті. Майданнан оралмаған боздақтарды еске алып, бір сәт үнсіз тұрды. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін ерлік сабағының мектеп оқушылары үшін орны ерекше.

Өйткені, дәл осы мектептің 1985 жылғы түлегі Михаил Майборода Тәжік-Ауған шекарасында ерлік көрсетіп, қаза тапқан еді. Сондықтан мектеп оқушылары жыл сайын дәл



«ҚАҒАРМАН ҰРПАҚ»

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін ерлік
сабағының мектеп оқушылары үшін орны ерекше

осы күні ерлікпен қаза тапқан мектеп түлегін еске алады. Белсенді оқушылар М.Майбородаға арналған бұрышта құрметті қарауылға тұрады. Бұл күнгі патриоттық кешке Михайлдың сыныптастары Андрей Ержигов пен Ольга Бессонова да қатысып, естелік айтты. Мектеп басшысы Гүлмира Мырзахметова жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиетті дарытатын кештің мақсаты мен міндетінің айқын екеніне тоқталды. Оқуда озат, белсенді оқушылар осы күні «Жас ұлан», «Жас қыран» қатарына қабылданып, ерекше рухтанатынын жеткізді.

Келесі кезекте сөз алған «Қаһарман ұрпақ» қоғамдық қорының директоры Арман Арынханов оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі қордың атқа

рып отырған жұмыстары жөнінде баяндады. Мектептегі «Қаһарман ұрпақ» әскери-патриоттық клубының атқарып отырған міндеті мен жұмыстары туралы ҚР Қарулы күштерінің ардагері, запастағы І-сыныпты сержант Ильяс Момынұлы жан-жақты тоқталды. Сонымен қатар, Алматы қалалық Ауған ардагерлері кеңесі төрағасының орынбасары Тайыржан Молдыбеков, Ауған соғысының ардагерлері Рахымжан Әшімов, Александр Скоробогатых сөз алып, оқушыларды елі мен жерін сүйуге шақырды.

Отансүйгіштік рухты оятқан кештен мектеп оқушылары ерекше шабыттанып, күш-қайрат алып қайтты.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



БІЗДІҢ СҰХБАТ

«КЕЗ КЕЛГЕН ДАУ ЗАҢМЕН ШЕШІЛУІ КЕРЕК»

Заңгер мен адвокат адам құқығын қорғап, азаматтарға заңды кеңес береді

Бүгінде қалада заңды қызмет көрсететін заң мамандары көп. Қоғамның сұранысы да – сол. Біз бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желі арқылы заңгерлік көмек көрсетіп жүрген заңгерлердің бірі – Бағдат АМАНДОСҰЛЫМЕН сұхбаттасқан едік.

Істің шешілуіне кепілдік бар ма?

– Бағдат Амандосұлы, соңғы кездері әлеуметтік желіде «микрозайм, аресттен шығарып берем, т.б» деп өзіне жарнама жасап, құқықтық кеңес беретін әріптестеріңіздің қатары көбейіп кетті. Бірақ олардың бәріне кәсіби маман, басына іс түскендерге көмек көрсете алатын, сот пен тергеудің әділ өтуіне ықпал ететін заңгер деп сенім артуға болмас. Жалпы, қарапайым азаматтарға сауатты заңгер маманды қалай таңдауға болады?

– Ең алдымен, заңгердің осы саладағы тәжірибесіне, еңбек өтіліне мән беру керек. Егер ол әлеуметтік желілерде заң саласындағы маман ретінде қызметін ұсынатын болса, онда өзінің жетістіктерін, жұмыстарының бәрін жариялағаны дұрыс болар еді. Екіншіден, сол заңгерге немесе адвокатқа жүгінген тұлғалар өздерінің пікірін жаза кеткені жөн. Мысалы, шешімі күрделі мәселемен заңгерге көмекке жүгінген тұлға өзінің мәселесін ол заңгер жан-жақты зерттеп, бұзылған құқығын қалпына келтіруге барын салып, көздеген мақсатына жететін болса, әрине, заң көмегіне жүгінген тұлға ризашылығын білдіреді. Айтқан алғысы жазбаша немесе әлеуметтік желідегі пікір арқылы болуы мүмкін. Осыған көңіл бөлу керек. Себебі, заңгер жіберген қателікке байланысты қандай да бір мәселенің шешімі бұрыс болуы мүмкін. Ол да факт.

Тағы бір айта кететін жайт, «мен сіздің мәселенізді, бұзылған құқығыңызды қалпына келтіруге 100 пайыз кепілдік беремін» дейтін заңгерлерден қашу керек. Неге? Себебі, біз заңгерлер немесе адвокаттар істің шешімін табырына кепілдік бере алмаймыз. Оған Әдеп кодексімен тыйым салынған. Осыны ескеру керек. Заңгердің атағына да, дәрежесіне де мән берсе кеткен жөн. Ол заңгер бұқаралық ақпарат құралдарында өзінің пікірін қалай жеткізеді? Ерікті түрде ме? Заңда жазылған мәтін бөлек, халыққа ол мәтінді қарапайым тілмен айтып түсіндіру бір бөлек. Осы мән-жайларға да көңіл бөлген дұрыс. Егер маман сұранысқа ие болса, онда оның белгілі бір дәрежеде жұмысының тиынақты істелгеніне көз жеткізуге болады. Сұраныс бар жерде баскелестік те болады.

– Бүгінде елде 6 мыңға жуық адвокат бар екен. Республикалық адвокаттар алқасының мәлімдеуінше, 150-ге жуық адвокаттық кеңсе заңгерлік көмек көрсетеді. Әділ сот үкіміне адвокаттың ықпалы қандай?

– Заңда «әділ сот үкімі» – қате тіркес. Соттың үкімі әділ емес, заңды болуы керек. Себебі, бізде әділеттілік қағидасы қолданыстағы заңдардан орнын таппаған. Тек заңдылық қағидасы бар. Қабылданған барлық соттың шешімі, үкімі, ұйғарымы мен қаулысы заңға сәйкес болуы керек. Қарапайым халық дұрыс түсінбей жатады. Шешім заңды болуға тиіс. Мысалы, жолдағы «Сергек» арқылы азаматқа айыппұл салынды делік. Жол жүру ережесін бұзған жүргізушіні анықтап, тиісті айыппұл салды. Салынған айыппұл заңды ма? Заңды. Егер ол айыппұлды төлей алмаса, айыппұлды жеке сот орындаушысы мәжбүрлі түрде өндіріп алуға жұмыстанады. Әділдік қағидасын ұстанар болсақ, ереже бұзған азамат зейнеткер болуы мүмкін ғой. АҚШ-та зейнеткерге салынған айыппұл төмендейді. Тіпті, кейбір кезде кешіріледі. Осындай механизмдер бар. Ал бізде ондай жоқ. Айыппұлды зейнеткер де, бай мен кедей де сол мөлшерде төлейді. Ал егер әділеттілік болса, басқаша болады. АҚШ-та сот зейнеткердің жағдайын сұрайды. Айыппұлды төлей ала ма, көзін жеткізуге тырысады. Сөйтіп, айыппұлды кешіреді немесе жартысын төлетіреді. Әртүрлі жеңілдіктер береді. Құқықтық жүйе екі бөлек. АҚШ-та англо-саксондық жүйе, бізде құқықтық жүйе романо-германдық жүйе болып бөлінеді. АҚШ-та ереже бұзған азамат



мүгедек болса, сот оның жағдайын ескеріп, кінәсін кешіреді. Адамгершілік арқылы шешеді. Сот шешімі тәжірибеде қалады да, заң ретінде қолданылады. Ал бізде олай емес. Айыппұл азаматтың жағдайына байланысты кешірілмейді.

Қолтаңбаның маңызы

– Еліміздің шет аймақтарында, әсіресе, ауыл аймақтағы учаскелік полицияда, тергеуде «бармақ басты, көз қысты» жағдайлар жиі болып тұрады. Тіпті, адам тағдырына байланысты да заңсыздықтар жоқ емес. Құқық қорғайтын мамандардың өзі адам құқығын бұзады. Бұған келіссіз ғой?

– Бізде қарапайым халықтың құқықтық сауаты төмен болғандықтан, «түсініктеме жазыңыз, мына құжатқа қол қойыңыз» десе, ол құжатты оқымай, қол қоя салады. Қандай құжатқа қол қойғанын да білмейді. Мысалы, банктік шарттарды ешкім оқымайды. Қай жерге қол қой дейді, сол жерге қолын қоя салады. Қолтаңбаның заң алдындағы маңызын түсінбейді. Құжат 2 тілде жазылады. Мүлдем түсініксіз болса, заңгерлерден сұраса, шарттың негізін қарапайым тілде түсіндіріп береді. Тергеу басталғанда да адвокатқа бару керек. Адвокатпен тергеуге қатысса, адвокат заңсыздыққа жол бермейді. Тергеуші жауап алып отырып, берген жауабын бұрмалауы мүмкін. Тергеуші қол қой деген жерге қоя салады. Ертеңгі күні қылмыстық жауапкершілік ауырып кетуі мүмкін. Ал жауапқа келіспеген жағдайда тергеушіге келіспейтінін айту керек. Бізде көбіне азаматтар қарапайым түсініктеме жаза алмайды. Қолданыстағы заңда тергеуде кейбір тұлғалардың жағдайына қарай тегін мемлекет кепілдік берген заң көмегін ала алады. «Әрбір азаматқа өз құқығын қорғау мақсатында заңмен көрсетілген жағдайда тегін құқықтық кеңес беріледі» деп заңда жазылған. Азаматтар бұл норманы дұрыс қолданбайды. Барлығын мемлекеттік органдарға сырып қояды. Әрине, тергеуші, лауазымды тұлға өзіне жүктелген құзыретті адал атқарса, мәселе туындамайды.

– Қазір елдегі барлық саладағы басты заңсыздық – сыбайлас жемқорлық. Мемлекеттік қызметкерлердің, басқа да азаматтардың жемқорлығын антикор жні жариялайды. Берілген жаза жауаптылықты көтермей отыр. Егер жемқор айыппұлдың толық төлесе, оны бостандыққа шығару керек пе? Жемқорларға тағайындалған жазаға көңіліңіз тола ма?

– Көңілім толады. Жалпы, бұл – ауыр қылмыс болып танылады. Жемқорлық қылмысы бойынша мерзімінен бұрын жазадан босатылмайды. Мысалы, сот үкім шығарып, жемқорға тиісті жазасын берді делік. Ол жазасын түзеу колониясында ¼-ін өтеді. Бірақ біздің қолданыстағы заңда жазаның ¼-ін өтесе әрі қарай тәртіпті болса, мерзімінен бұрын бостандыққа шығуға құқығы бар. Бұл норманы жемқорлық қылмыстарынан алып тастады. Екіншіден, жемқорлық қылмыстары бойынша 70 еселенген мөлшерде мемлекетке төлеу міндетті. Ол да дұрыс. Жемқорлықпен ұсталған қылмыстар бойынша қайтадан қызметке тағайындалмайды. Тағы бір айтып кететін мәселе, жемқорлықпен кінәсі дәлелденген тұлғалардың балалары құқық қорғау органдарына жұмысқа орналаса алмайды. Бұл – енгізілген өзгертулер мен толықтырулар. Жемқорлық қылмысы бойынша татуласуға болмайды.

Кейде біздің қолданыстағы кейбір заңдар адам құқығын шектейді. Мысалы, азамат қандай да бір қылмыспен істі болады. Ал оның баласы Ұлттық қауіпсіздік комитетінде жұмыс істегісі келіп, оқуға құжаттарын тапсырады. Бірақ оның әкесі сотты болғандықтан ол оқу орнында оқи алмайды.

Моральдық тұрғыдан қарасақ, баланың не

кінәсі бар? Оның білім алудағы конституциялық құқығы неге шектелуі керек? Қылмысты ол емес, әкесі жасады ғой. Ауыр, аса ауыр қылмыс болса түсінуге болады. Өйткені, қызметте мемлекеттік құпия мәліметтермен жұмыс істейді. Жеңіл, орташа қылмыстар баланың білім алуына кедергі болмауы керек. Осыған мән берген дұрыс.

– Қазір алаяқтықтың түрі көбейіп кетті. Тіпті, әкімдіктің, антикордың, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің атын жамылып алдаудың жаңа әдісін тауып жатыр. Осындай жағдайда халықтың құқықтық сауаты қаншалықты маңызды?

– Әлеуметтік желіден маған оқырмандар суретке түсіріп «осыған сенуге бола ма?» деп сұрап жатады. Телефон арқылы хабарласып: «мен осы органда қызмет етемін, сіз былай істеуіңіз керек» дегенге сенудің қажеті жоқ. Мұндай алаяқтық әрекеттер болған кезде ең әуелі аты-жөнін, қызметін, басшысы кім, қызметі қандай ол туралы барлық деректі жазып алып, мен сізге өзім хабарласам деп тұтқаны қоя салу керек. Сол мемлекеттік органға хабарласып, мән-жайын анықтауға тырысу керек. Бізде халық асығыс шешім қабылдайды. Бірде бір оқырманым телефон соғып, құқықтық кеңес сұрады. Ол кісіге белгісіз тұлға хабарласып: «Астана қаласындағы министрлікке қарасты бір қордан арнайы сізге ақша бөлінеді. Бірақ бұл ақшаны сізге жіберу үшін сіздің банктік шотыңыз бұғатталған. Қарызыңызды төлеп, бұғат алыну керек. Сонда ғана біз ақшаны сіздің шотыңызға жібере аламыз. Мені картадан тексерсеңіз, сол министрліктен хабарласып тұрмын. Сенбесеңіз, тексеріп көріңіз» деп әбден сенімге кірген. Сөйтіп, біраз адамнан қарыз алып, банктік шотындағы бұғат алынғаннан кейін қордан түсуге тиіс қаражатты күтеді. Бірақ ешқандай ақша түспейді. Мұндай жағдайлар көбіне коллекторлардың тарапынан болуы әбден мүмкін. Сондықтан бәрін мұқият тексеріп алған жөн.

– Еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесі қоғамдағы көп саланы қамтиды. Осы ретте еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесіне қандай реформалар қажет?

– Қоғамда мына бір мәселе бар. Азамат өзінің баласына алимент төлейді. Күнздердің бір күні қылмыс жасап, сотталады. Түзеу мекемесінде жұмыс істемейді. Ал көмелеттік жасқа толмаған балаларды кім асырайды? Түзеу мекемесі сотталған азаматты еңбек етуге мәжбүрлей алмайды. Осы мәселе бізде реттелмеген. Атқару жүйесіндегі реформалар осы бағытты қамту керек деп ойлаймын. Мемлекет тарапынан алимент төлейтін арнайы қор ашу керек. Ол қор осындай мәселелерді шешу керек. Жазасын өтеп шыққаннан кейін ол тұлға мемлекетке өндіреді. Осындай механизмдер болу керек. Жан-жақты түрде зерттеліп, заңнан орын табу керек.

Медиацияның мәні неде?

– Қит етсе сотқа беретіндер де аз емес. Екі тарапты татуластыратын медиация деген арнайы сала елімізде соңғы кездері дамып келеді. Шешімі жеңіл істерді сотқа жеткізбей жағы қалай?

– Кез келген дау заңмен шешілуі керек. Дауды сотқа дейін медиациялық тәртіпте шешуге болады. Тараптар өзара бітімге келіп, татуласады. Жазбаша шарт жасау арқылы шешуге болады. Медиация тәртібімен шешілетін даулардың деңгейі өсіп келеді. Себебі, кәсіби мамандар жұмыс істейді. Мысалы, ортақ мүлікті бөлуге байланысты мәселелерді медиациялық келісім арқылы шешуге болады. Оның тағы ерекшелігі, тек қана сотқа дейінгі дауларды емес, соттағы даулардың шешіміне де ықпалын тигізеді.

– Соңғы уақытта сот жүйесіне көп сын айтылып жүр. Өзіңіз де талай куә болып жүрген шығарсыз. Конституция бойынша сот тек қана заңға бағынады. Аудандық, облыстық, жоғары сотта төраға деген бар. Бәрі бір-біріне бағынады. Жоғары сот соттардың ісімен, кадр мәселесімен айналысады. Негізі, Жоғары сот тек қана сот ісімен айналысу керек қой?

– Соттарда төраға деген болмауы керек. Әр сот төрағаға бағынады. Сот ешкімге бағынбауы керек. Әкімшілік персоналдар Жоғары сот тарапынан болуы керек. Соттар халықтың сайлауы арқылы тағайындалу керек деп санаймын. Әділ сот шешімі қалса, жергілікті халық сотты өзі сайлауы керек. Бұл жүйеге жету әлі ерте. Жалпы, заң қоғамдық қатынасты реттеуге бағытталған.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ЗАҢГЕР КЕҢЕСІ

• АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНА ТІРКЕЛУ МАҢЫЗДЫ МА?

– Заңдағы соңғы өзгертулерге сәйкес «Адвокаттық қызмет және заң консультанттары» туралы заң бар. Ол заңда адвокаттар адвокаттық алқаларда мүше болу керек. Ал заңгерлер өкіл ретінде заңгерлер кеңесшілерінің палатасында мүше болу керек. Сот барысында заңгер өкіл ретінде сол заңгерлер кеңесшілерінің палатасына мүше болмаса, онда ол сотқа қатысуға жіберілмейді. Ол міндеттелген. Яғни заңгердің көрсеткен қызметіне сотпен дұрыс баға берілмесе, онда ол палатадан мүшеліктен шығарылуы әбден мүмкін. Ондай жағдайда заңгер сотқа өкіл ретінде қатыса алмайды. Сондықтан қазір заңгерлердің қызметі Әділет басқармасымен және Заң кеңесшілері палатасы тарапынан қадағаланады. Сенім білдірушілердің жазған шағымдары мен заңгердің әрекетіне немесе әрекетсіздігі туралы жан-жақты түрде палатада қаралатын болады. Арнайы комиссия болады. Шарт жастаы ма? Жоқ па? Шағымдағы келтірілген уәждер орынды ма? Осы сұрақтар төңірегінде заңгерден түсініктеме алады. Заңгердің кінәсі анықталса, палатадан шеттетіледі.

• АЛАЯҚТЫҢ ШЕТЕЛДІК ЕКЕНІН ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

– Олар көбіне «Qivi кошелек» арқылы шоттарға жібереді. «Бірлік ретінде немесе шетелдік банк шоты арқылы сал» деп жатады. Шетелдегі шоттардағы ақшаны кері қайтару өте қиын. Бір ғана қағиданы ұстану керек. Тегіннен-тегін, еңбексіз пайда табамын деу – бос әурешілік. Бұл – өмірдің қағидасы. Ол рас болса, елдің бәрі байып кетер еді. Өте қарапайым жағдайда алданып қалып жатады. Алаяқтар білімді болады. Сенімге кіру үшін түрлі ақпарат береді.

• ҚАТАҢ ЖАЗА ҚЫЛМЫС САНЫН АЗАЙТА МА?

– Неғұрлым жаза қатайған сайын соғұрлым қылмыстың деңгейі төмендейді. Қатаң тәртіп болса, қоғамдық қатынастар түзеледі. Жазаның түпкілікті мақсаты – тәрбиелеу. Екінші рет қайталамау, басқа адамның ол қылмысқа бармауы үшін тағайындалады.

• КЕЗ КЕЛГЕН ІСКЕ ОБЪЕКТИВТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАҒА БЕРІЛУІ КЕРЕК ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. ҚОҒАМ ЗАҢҒА, СОТ ҮКІМІНЕ СЕНЕ МЕ?

– Соттың шығарған үкімі болсын, шешімі болсын міндетті түрде бір тарап оған қанағаттанбайды. Өйткені, ол бір ғана тараптың пайдасына шешіледі ғой. Ал пайдасына шешілмеген тарап өмір бойы соттың шешіміне, қабылдаған актілеріне қанағаттанбайтын болады. Медиациялық келісімге келсе ғана екі тарап та қанағаттанады. Біз мынаны түсінуіміз керек. Сот ісінде дәлелдемелерді ұсыну тараптардың мойнында болады. Берілген дәлелдемелерге сот құқықтық баға береді. Сот дәлелдеме сұрай алады. Дәлелдемелерге объективті түрде құқықтық баға бере отырып, сот шешім шығарады.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

«Медициналық техниканы сатып алу жүйесін түбегейлі қайта қарау қажет. Бұл – үлкен проблема, өйткені бұл сала жоғары коррупциогенді болып табылады. Өңірлер жабдықтың сметалары мен бағаларын жүйелі түрде көтеріп отырады, оған сервистік қызмет көрсетуге көп ақша жұмсалады. Сондықтан Үкіметке «СҚ-Фармация» базасында медициналық техниканы орталықтандырылған сатып алуға көшуді тапсырамын».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.


руші зауыттардан, сондай-ақ халықаралық ұйымдар арқылы сатып алына бастады. Былтыр тек келісім-шарттар бойынша үнемдеу аясында тікелей өндірушіден сатып алу шамамен 5,1 млрд теңгені құраған. Үнемдеу отандық тауар өндірушілермен ұзақ мерзімді шарттар шеңберінде сатып алу кезінде де байқалады, отандық индустрияны дамыту – бұл елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар бюджет қаражатын үнемдеу мүмкіндігі екенін көрсетеді. Жалпы, «СҚ-Фармация» ЖШС-нің бірыңғай жүйе ретінде жұмыс істеген жылдар ішінде 185,9 млрд теңгеден астам бюджет қаражаты үнемделген.

Отандық тауар өндірушілер демекші, «Халық денсау-

ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

«СҚ-Фармация» ЖШС-дегі жаңашылдықтар қандай?

«СҚ-Фармация» ЖШС-нің Бірыңғай дистрибьюторлық орталығы тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде халықты дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету және тең құқылы серіктестік жағдайында жеке және мемлекеттік секторлардың күш-жігерін біріктіру жолымен ҚР-да фармацевтикалық саланы дамытуға жәрдемдесу мақсатында құрылған. Иә, ұлт денсаулығы және денсаулық саласының бәрімізге тең қол жетімді болуы – мемлекет назарында ұстап отырған негізгі басымдықтардың бірі.



Жаңаланатын кез келді

Бүгінгі күні Қазақстан да технологиялардың қарқынды дамуы нәтижесінде емдеу тұрғысынан да, ауруларды ерте диагностикалау бағытында да үлкен биіктерге жетті. Ерте диагностика жасау өз кезегінде денсаулық сақтау жүйесінің превентивті медицинаны дамыту бағытында қозғалуына ықпал етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында денсаулық сақтау саласы бойынша сөйлеген сөзінде медициналық техниканы сатып алу жүйесін түбегейлі қайта қарау қажеттігін атап өткен болатын. Сондай-ақ, Үкіметке «СҚ-Фармация» базасында медициналық техниканы орталықтандырылған сатып алу жүйесіне көшуді міндеттеген-ді. Президент тапсырмасы жедел қолға алынып, бүгінде күш алып, жемісін де бере бастады. Қазір бұл бағытта «СҚ-Фармация» ЖШС Бірыңғай дистрибьюторлық орталығы жүйелі түрде жұмыс істеуде.

Сарапшылар пікіріне сүйенсек, бұрын бұл жүйе енгізілмей тұрғанда өңірлердегі медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын теңестіру және нығайту қағидаты іске асырылмаған; денсаулық сақтау нысандарын медициналық техникамен жабдықтауда бірыңғай тәсіл болмаған; медициналық техникалар пайдаланылмай тұрып қалған немесе басым көпшілігі тозуға дейін жеткен; медициналық техниканың жарактану деңгейі, техникалық жай-күйі туралы шынайы, толық және егжей-тегжейлі ақпараттар болмаған; техникалық аппараттарды жең ұшынан жалғасып, сыбайластықпен әрі жоғары бағамен сатып алушылар көбейген; кейбір дәрі-дәрмектер халыққа жетпей жүрген; заманауи қымбат аппараттардың тілін білетін мамандарды оқытатын оқу орындарының саны шектеулі болған.

Бес жылдық меже

Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2021 жылы Денсаулық сақтау министрлігі денсаулық

сақтау саласын жаңғыртуға дайындық бойынша ауқымды жұмысты қолға алып, қолда бар медициналық техника паркін түгіндеуді бастады. Нәтижесінде денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық техникамен жарақтандыру деңгейі 82%-ды құраса, 49% жабдықтың тозғаны анықталған.

Сапасыз сервистік қызмет көрсету аппараттың дұрыс жұмыс істеуіне, жабдықтың бұзылуына әкеп соқтырып, ал бұл өз кезегінде дұрыс диагностика жасалмауына, пациенттер мен медициналық мекеме қызметкерлерінің қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Ал бұзылған аппаратты жөндеу қосымша көп қаражатты керек ететіні тағы анық.

Осындай мәселелері түбегейлі шешу үшін дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сатып алу үлгісі бойынша «СҚ-Фармация» ЖШС-нің базасында медициналық техниканы сатып алуды екі кезеңге жүзеге асыруды орталықтандыру қолға алынды. Бес жылдық кезеңге арналған медициналық ұйымдарды жарақтандырудың Ұлттық бағдарламасы әзірленіп, ол қаржыландыру көздерін ескере отырып, медициналық техникаға қажеттілікті айқындайтын ақпараттық жүйе құруға жол ашты.

Отандық өндірушілерді қолдаймыз

Сондай-ақ, Бірыңғай дистрибьюторлық база дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды бір орталықтан сатып алу медициналық бұйымдар өндірісін құруға немесе жаңғыртуға ниеті бар өнім берушілермен ұзақ мерзімді шарттарын жасасу мүмкіндігіне жол ашты. Бюджет қаражатын үнемдеуге, бәсекелестікті арттыруға мүмкіндік берді. Аналогы жоқ дәрі-дәрмектер делдалдарсыз тікелей өнді-

лығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 77-бабына сәйкес, біз сөз етіп отырған Бірыңғай дистрибьютор шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алудың басты қағидаттарының бірі – қазақстандық фармацевтикалық нарықтың дамуына тұтастай ықпал ететін отандық тауар өндірушілерді қолдау. Бірыңғай дистрибьютор мен отандық тауар өндірушілер арасында 10 жылға дейінгі мерзімге дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жеткізудің ұзақ мерзімді шарттары жасалады.

Бүгінгі таңда «СҚ-Фармация» ЖШС мен 36 отандық тауар өндірушілер арасында 996 дәрілік зат пен 4018 медициналық бұйымдар атауына 88 ұзақ мерзімді жеткізу келісім-шарты жасалған.

Бірыңғай орталықтандырылған жүйе не берді?

Бірыңғай дистрибьютор жүйесі бізге не берді дегенге келер болсақ, медициналық техниканы орталықтандырылған сатып алуы регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілер әзірленіп, қабылданды; Бірыңғай фармацевтикалық ақпараттық жүйе (БФАЖ) базасында медициналық техниканы орталықтандырылған сатып алу бойынша өтінімдерді жинау модулі әзірленді; сыбайлас жемқорлықтың жолы кесіліп, медициналық техниканы жоспарлау және сатып алу рәсімдерінің ашықтығы қамтамасыз етіле бастады. Сервистік қызмет көрсету сапасы жақсаруда, ал ол медициналық ұйымдардың сервистік қызмет көрсетуге арналған қаражатын үнемдеуге және медициналық техниканы пайдалану тиімділігін қамтамасыз етуге ықпал етуде. Еліміздің техникалық мамандықтар саласындағы кадрлық әлеуетін арттыруға және медициналық техника нарығындағы отандық тауар өндірушілердің үлесін арттыруға мүмкіндік бере бастады.

Бүгінде «СҚ-Фармация» ЖШС жанынан қоғамдық жұмыс тобы құрылған. Оның құрамына азаматтық қоғам мен бизнес-қоғамдастық өкілдері, депутаттар мен салалық сарапшылар кіреді. Жұмыс тобы азаматтық қоғамның пікірін, сындарлы сынын тыңдап, өткір мәселелерді көтеріп, жедел шешім шығарып отырады. Сонымен қатар, қоғамдық жұмыс тобының мүшелері қоймаларға мониторинг жүргізе алады, ауруханалар мен дәріханалардың қажеттіліктерін болжап, ауруханаларға дәрі-дәрмектерді жөнелту уақытын өлшей алады. Сондай-ақ, сатып алу рәсімдері мен жеткізушілермен келіссөздерге бақылаушы ретінде қатысуға құзіреті жетеді.

Өділетті Қазақстан – бұл біздің алдымызға таяу болашақта қойылған, елдің әл-ауқатын жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыруда жылдар бойы орныққан дәстүрлі тәсілдерден түбегейлі ерекшеленетін сапалық жағынан өзгеше бағдар. Бұл бағдар ішінде, әлбетте, адамның, қоғамның денсаулығын қорғайтын медицина саласы да бар.

Мақала «СҚ-Фармация» ЖШС-нің баспасөз қызметінің мәліметтері негізінде әзірленді.

Бетті дайындаған Нұржамал ӘЛШЕВА.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



БІЗ БӘРІНЕ АШЫҚПЫЗ

Ерхат ЕСҚАЛИЕВ,
«СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма төрағасы:

«СҚ-Фармация» ЖШС-нің алдына қойылған міндеттердің бірі – отандық әзірлемелерді қолдау және бәсекеге қабілетті фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту. Отандық фармацевтикалық өндірушілерді қолдау шеңберінде ұзақ мерзімді шарттар арқылы сатып алу көлемі ұлғаяда және болжамдар бойынша 2025 жылға қарай қолданыстағы шарттарды ескере отырып, бірыңғай дистрибьюторды сатып алуға ТӨЖ үлесі ақшалай мәнде шамамен 50%-ды құрайтын болады.

Фармацевтикалық кластерлерді дамыту үшін салаға Бигфарма 50 ірі ойыншыларын тарту, отандық R&D орталықтарын дамыту, сондай-ақ еркін экономикалық және индустриялық аймақтарда жаңа өндірістерді өрістетуге үлкен ынталандыру болмақ.

Сонымен қатар, сервистік қызмет көрсету мен кадрларды оқыту сапасы, медициналық техника нарығындағы отандық тауар өндірушілердің үлесі артуы тиіс.

Ауқымды іс-шаралар қабылданған тағы бір бағытымыз – Бірыңғай дистрибьютор қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету. Азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды жақсарту және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің қоғамдық маңызды мәселелері бойынша ашықтықты қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғамның пікірін білдіру алаңы ретінде «СҚ-Фармация» қоғамдық жұмыс тобы құрылды.



ӨЗЕКТИ

ДЕМЕНЦИЯ «ЖАСАРЫП» БАРАДЫ

Барлық кеселдің алдын алудың ең тиімді жолы – салауатты өмір салтын ұстану

ДДҰ-ның мәліметіне сүйенсек, бүкіл әлемде деменциямен ауыратын 55 млн адам бар. Ұйым сарапшылары 2030 жылға қарай 78 миллионға жетіп, ал 2050 жылы 139 миллионнан астам тұрғын осы кеселдің азабын тартады деп дабыл қағып жатыр. Қазіргі уақытта ақыл-есінен айырылып, алжыған науқастардың шамамен 60%-ы тиісті күтім жасайтын нақты стратегиясы жоқ, табысы төмен елдерде тұрады.



Деменция науқастың өмірін ғана емес, оның туысқандарының да тұрмысын, әлеуметтік жағдайын қиындатып жібереді. Науқас өз бетінше әрекет етпейді, біреудің көмегінсіз ас-су ішпейді, далаға шықпайды. Далаға шықса, үйіне қайтып оралмайды.

Деменция – отбасылар мен

мемлекет үшін үлкен экономикалық шығыны мол кесел. Ең қиыны – бұл ауру «жасарып» келеді. Бұрын кәрілік жеткен адамның ғана ақыл-есі төмендейді деп келгенбіз. Ал қазір 50 жастағы күш-қайраты сарқылмаған, еңбек етуге жарамды тұрғындардың бой алдыруы жиілеген. Мамандар

алкогольді шамадан тыс ішу, есірткі заттарына тәуелділік, қант диабеті, ми ісіктерінің қатерлі ісігі де деменцияның пайда болуына түрткі болатынын айтып жүр. Ал Қазақстанда 9 мыңнан астам адам деменцияға шалдыққан.

– Деменция – түрлі аурулардың, жарақаттың, мидағы тіндердің семіп қалуы салдарынан бас-ми қызметі бүлінген кезде пайда болатын кесел. Жылда осы аурудың құрсауына шырмалған 7,7 миллионнан астам тұрғын анықталады. Өкінішке қарай, бұл дерттің емі жоқ. Тек ми қызметінің бұзылуы себебін ертерек анықтаған жағдайда науқастың денсаулығын дәрілердің көмегімен жақсартуға мүмкіндік бар. Бұл ауру қауіпті болғанымен, алғашқы белгілері бірден байқалмайды. Біреулердің бір нәрсені ұмыттым деген сөзін жиі естиміз. Бірақ адам бойындағы бұл өзгерісті көбіміз елең қылмаймыз.

Дегенмен, ұмытшақтық жиі қайталануы, күйзеліс, бір әңгімені қайталап айту, бағыт-бағдарды ұмыту, мінездің тез құбылуы, қоқыс жинауға әуестену, көзге оғаш, ерсі қылықтарды қайталау, ойын түсіндірмеуі сияқты белгілер байқалғанда дабыл қағып, дертке ишпа іздеу керек. Емдеуге асықпасаңыз, науқастың ми қызметінің жұмысын сақтап қалу қиында соғады, – дейді Алматыда орналасқан Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталықтың аға дәрігері, психиатр Наталья Логачева.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖАҚЫН АДАМЫҢЫЗДА ДЕМЕНЦИЯ БЕЛГІЛЕРІ АНЫҚТАЛҒАН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Егер аурудың белгілері байқалса, онда неврологқа және психиатрдың қызметіне жүгініз. Деменцияның себебін анықтау өте маңызды. Нейропсихологиялық зерттеу жүргізіп, компьютерлік томографияның көмегімен немесе электроэнцефалограмма арқылы миға толық зерттеулер жүргізіп, соның нәтижесінде кесел анықталады. Дәрі-дәрмек тағайындалады. Енді алжыған науқасқа медициналық көмекпен бірге, өз бетінше әрекет ету мүмкіндіктері шектеліп, жеке күтімге мұқтаж болады. Сондықтан адамның ақыл-есінің кемуі, ойлау қабілеті тежелген кезде туысқандарына құқықтық және әлеуметтік көмекке қатысты кеңестер алу қажет. Ол тәулік бойы ерекше күтімге мұқтаж болады. Тіпті, сіз оған өзіңіздің кімі боласыз, не үшін келдіңіз, тамақ беретін кезді де ескертіп, әр әрекетті есіне салып отырсыз. Мұндай адамдар адасып кетуі немесе үйін таппай басы ауған жаққа кетіп, жоғалып кетуі де мүмкін. Сондықтан көршілеріңізге де науқастың алжығанын ескерткен артық болмайды. Қазіргі таңда есінің қайда жүргенінен белгі беретін білезіктерді тағып қоюға кеңес береміз.

ҚАЗАҚСТАНДА ДЕМЕНЦИЯНЫ ҚАЛАЙ ЕМДЕЙДІ? ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК?

Осыдан 40 жыл бұрын психиатрия оқулықтарында деменцияны емдеудің әдістері жазылған жоқ. Себебі, бұл ауру емделмейтін дерт болып саналады. Қазіргі уақытта Қазақстанда деменцияға шалдыққан науқастарға амбулаториялық деңгейде де, стационарлық деңгейде де (көрсетілімдер болған жағдайда) тексеру жүргізіледі және емдеу хаттамаларына сәйкес ем-дом жасалады. Өкінішке қарай, науқасты бұрынғы қалпына келеді, толық айығып кетеді деп үміттенбейсіздер. Қазіргі таңда медицинаның жетістігі – аурудың дамуын бәсеңдетуге көмектесетін дәрі-дәрмектер бар.

ДЕМЕНЦИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛА МА?

Деменцияны ғана емес, барлық кеселдің алдын алудың ең тиімді жолы – салауатты өмір салтын ұстану. Дененің метаболикалық процестерін жақсартуға, ми жасушаларын оттегімен қанықтыруға көмектесетін спортпен шұғылдану: жаяу, скандинавиялық таяқшалармен, велосипедпен жүру, жаяу серуендеу, жүзу, қыста шаңғы тебу. Адамдармен сөйлесу. Тақырып талқылағанда ми жұмысын жақсартады. Ойсыз, қамсыз тіршілік етіп, мидың ұйықтап қалуына жол бермеңіз. Кітап оқу, өлең жаттау, мәтіннің шағын үзінділерін қайталау, шет тілін үйрену, музыкалық аспаптарда ойнау, ұсақ моториканы дамыту да пайдалы.

СӘТТИ ОТА

ЖАЗЫМ ДЕГЕН АЯҚАСТЫ 8 жасар бала қаламсаптың серіппесін жұтып қойған

Қаладағы №2 балалар клиникалық ауруханасына шұғыл жағдайда түскен балақай үш сағат бұрын аузына салып шайнап отырған қаламның серіппесін күлген кезде жұтып қойып, ол тыныс алу жолдарына түсіп кеткен.



Біраз уақыттан кейін балаға тыныс алу қиындай түскен, жөтеле берген. Ата-анасы оны №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының «жедел жәрдем» бөлімшесіне жеткізеді. Баланы мамандар тексеріп, кеуде қуысының рентгенографиясы жасалады. Рентгенограммда оң жақ бронхта бөгде зат бар екені анықталады. Ауруханаға жатқызылып, манипуляцияға дайындалады. Сөйтіп, жалпы анестезиямен қатаң трахеобронхоскопия жасалған. Оң жақ негізгі бронхтан бөгде зат (серіппе) көрінген. Мамандар негізгі бронхтардың бөтен денелерін диагностикалау қиын болатынын айтып отыр. Серіппе арнайы «крокодил» қыстырғышымен алынады. Бала 4 күннен кейін үйіне шығарылды.

№2 балалар клиникалық ауруханасының хирургиялық бөлімшесінің меңгерушісі Марат Қаптағасов атап өткендей, «тыныс алу жолдарындағы бөгде денелер» көбіне 1–15 жас аралығындағы балаларда кездеседі. 70–80% жағдайда бөтен денелер трахея мен бронхтарға «тайып», тыныс алу жолдарының ішінара немесе толық бітелуіне әкеледі. Басқа жағдайларда бөгде зат дауыс байламдарының үстінде, жұтқыншақ, кеңірдекке

тұрып қалады. Қомақты бөтен денелер жөтелді, асфиксияны тудырады, сөйлеу бұзылысы қаупіне әкелуі мүмкін және баланың өміріне қауіп төндіреді. Трахеяның толық бітелуі немесе ларингоспазм болған жағдайда өлімге әкелуі де мүмкін. Мұндай жағдайларда тек шұғыл медициналық көмекке жүгіну қажет.

Кішкентай бронхта тұрып қалған ұсақ бөгде заттар көбіне ыдырайды, сұйылады және өздігінен жойылады, бірақ қабынуға, асқынға әкеп соқтыруы мүмкін. Бөтен денелерді алып тастағаннан кейін кейбір науқастарға оңалту шараларын жасау қажет болады, ал асқынған бөгде денелерді алып тастағаннан кейін микробқа қарсы препараттарды профилактика ретінде қолдану керек.

Иә, әлдебір заттың тамаққа, жұтқыншаққа түсіп кетуі балаға оңай емес. Сондықтан дәрігерлер ата-аналарды мұқият болуға шақырады. Балаға дастархан басында тамақтанып отырғанда күлуге, сөйлеуге немесе тамақ шайнап жүгіруге рұқсат бермеген абзал дейді. Ал әлі есі кірмеген сәбилерге ұсақ ойыншықтар мен ойыншық бөлшектерін ұстатпаған дұрыс.

БӘРЕКЕЛДІ!

№16 қалалық емханада хирургиялық аурулар мен жарақаттар кезінде жоғары білікті медициналық көмекке мұқтаж науқастарға қызмет көрсетуге арналған Амбулаториялық хирургия орталығы (АХО) жұмыс істей бастады.



АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ ХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҚТАРЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙ БАСТАДЫ

Пациенттерді ересектер мен балалар хирургі, травматолог, гинеколог, дерматолог сынды білікті мамандар қабылдайды. Орталық меңгерушісі, жоғары санатты хирург дәрігер Зарқын Қалибековтың айтуынша, жақын арада бұл мамандарға проктолог және уролог қосылады.

«Орталықтың құрамына дәрігерлік қабылдау кабинеттері, таңу бөлмелері, күндізгі стационары бар операциялық блок кіреді. Бөліміше заманауи диагностикалық және емдеу аппаратурасымен жабдықталған. Мұнда бүгінгі таңда келесі аурулар бойынша амбулаториялық операцияларды жасатуға болады: жұмсақ тіндердің абсцесін ашу және ағызу, қынаптың зақымдалған аймағын қол сіңіріп (гигрома) кесу, плевралық пункция (торакоцентез), іш қуысының пункциясы (лапароцентез), тырнақты, тырнақ төсегін, тырнақтың қалыңдауын алып тастау, тері мен тері астындағы тіндерден бөтен денелерді кесу немесе алып тастау, перинальды абсцесс диссекциясы,

алдыңғы іш қуысының операциядан кейінгі грыжасын жою, кіндік грыжасын, қиғаш және тік ішек грыжасын жою, тері мен тері астындағы май тіндерінің өсінділерін жою, жұмсақ тіндердің абсцесін ашу және ағызу, липоманы, атероманы алып тастау, фурункулдарды, карбункулдарды, тері астындағы шырышты параноктиттерді, бартолиниттерді кесу, циркумцизияны, гипсті иммобилизациялауды, геморроидальды түйіндерді таңуды, ашық жараларды хирургиялық емдеу», – дейді З.Қалибеков.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері қазіргі уақытта қала бойынша мемлекеттік емханаларда 9 амбулаториялық хирургия орталығы (№4, №10, №11, №16, №26, №29, №36 КЕ, №7 ҚКА жанындағы емханада, АТЖА емханасында) жұмыс істейтінін атап өтті. Жақын арада №14 және №3 емханада ашылады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



«ГҮЛДЕР» – 55

«ҚАЗАҚ МҮЗИКЛІ»

Қазақ эстрадасында «Гүлдер» ансамблінің алар орны ерекше. Ән, би, цирк, тіпті пантомимо секілді бірнеше өнердің басын құраған бұл ансамбль 1969 жылы құрылған. Негізін қалаушы – сол тұстағы қазақ қыздарының ішінде өзінің дарынымен, алғырлығымен топ жарған сан қырлы талант иесі Гүлжиһан Қалиқызы. Биыл ұжымның құрылғанына – 55 жыл.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ансамбльде өнер көрсетіп, халықтың ыстық ықыласына бөленген жандардың бірі – қазақтың дәстүрлі ән өнерін насихаттаушы, Қазақстанның халық әртісі Қайрат Байбосынов «Гүлдер» десе ықыласы ерекше екенін айтты.

– Ансамбль құрылғанда кілең жастар болатынбыз. Жастық жалынмен алдық қой сахнаны. Репрессиядан кейін, соғыстан кейін халықтың көңілін көтеру мақсатында ашылғандықтан, жақсы бір ансамбль болды. Бүкіл дүние жүзін араладық, тәтті қылдық. Ол кезде қазақ эстрадасының жөні бөлек, таза қазақ тілінде болатын. Бізге «Гүлдер» үлкен мектеп болды. Сол жерден түлеп ұштық, қанат жайдық, жан-жаққа тарадық. Гастрольдік сапармен Орал, Гурьев қалаларында болғанда, «Қыз Жібек» фильміндегі Төлегеннің «Ақ жайық» әнін орындадым. Халқы басына көтеріп сыйлады. Одан кейін маған еліктеп айтатын жігіттер табылды. Енді дәстүрлі әннің жөні бөлек қой, қайда барсаң да халық құрметтейді, сыйлайды. Ол кездерде қазіргідей сен Арқаның, мен Батыстың әндерін орындаймын деген жоқ, бәріміз бір қазақтың әнін орындайтын едік, – дейді Қайрат ағамыз өткенге көз жүгіртіп. Ол ансамбльден 1987 жылдары шығып, әрмен қарай консерваторияда сабақ беріп, ұстаздыққа бет бұрыпты.

Белгілі әнші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сембек Жұмағалиевтің де ансамбль туралы лебізі ерекше. Алғашқы қарлығаштары болмаса да, 1976 жылы «Гүлдер» ансамблі басшыларының шақыртуымен келген екен. ҚР халық әртісі, досы Роза Рымбаева екеуі бір күнде қабылданған.

– Ең алғаш сахнаға «Гүлдер» ансамблі арқылы шықтым. Жас болғасын, бірінші рет үлкен оркестрді, бишілерді, көріп, композиторлармен танысып, бір шетінен қобалжып, қуанған едім. Ең алғаш орындаған әндерімнің бірі «Дударай» мен Мұрат Құсайыновтың «Қуанышым менің» әні болды. 1976 жылы ең алғаш гастрольге Орал қаласына шықтық. Сол кезде бір есімде қалғаны, қазақтың халық әндерін бұзып айтпауымыз қажет. Сол кездері сахнада қобалжығаннан ба, ол кездері фонограмма деген жоқ, бір шумағын ұмытып қалып, міңгіріп бірдеңені айтып жіберсем. Содан концерт біткеннен кейін бір үлкен апаның келіп: «Балам, келесіде әннің сөзін дұрыстап айт, ұмытпа» деген ескертуін естіген едім. Содан кейін қазақ халқының ұлттық әндерін бұрмаламау керектігін ұғындым, – дейді әнші.

Халықтың өнерге деген сүйіспеншілігінің жоғары болғандығы соншалық, «Гүлдер» келе жатыр дегенде, оркестрмен күтіп алатын болған екен. Тіпті, қарапайым әнсүйер ағайын үйлеріне шақырып, қонақ қылып, дастарханынан дәм таттыратын болған. Қазір осы мектептен түлеп ұшқан әртістердің көбі бүгінде еңбек сіңірген әртіс, енді бірі профессор, тәлімгер, кейбірі продюсер болып шықты.

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Ансамбль гастрольдік сапармен әлемнің түкпір-түкпірін аралады. Мәскеу, Франция, Германияны былай қойғанда, әнші тұрмақ, саясаткерлердің жолы түсе бермейтін Бирма, Малайзия, Сингапур, Цейлон аралы, Бельгия, Греция сынды елдердің сахнасында өнер көрсету бағы бұйырған.



Қапаш ҚҰЛЫШЕВА,
қазақтың дәстүрлі ән өнерін
насихаттаушы, Қазақстанның
халық әртісі:

– «Гүлдер» ансамблі алғаш құрылғанда басы-қасында жүрдік. Гүлжиһан Қалиқызы бишілерге өз ақшасына киім тігіп, аспаптар алып, әртістерді өз ақшасымен қамтамасыз етті. Ең алғаш 9 өнерпаз конкурстан іріктеліп, ұжымға қосылды. Гүлжиһан апамызбен ансамбльдің өнерін көрсетуге Жазушылар одағына кіріп, өзімізді таныттық. Ол кезде мен де кітапты көп оқимын, қазақтың ақын-жазушыларымен танысып, өнерімізді көрсеттік. Мұқағали, Сәбит ағаларымыз бар. Рахымжан Қошқарбаев ағамызбен танысып, ағалы-қарындас болып кеттік.

1969 жылы Лермонтов театрында «Гүлдердің» ашылу концерті болды. Халық қуана қарсы алды. Бәріміз жаспыз, сахнаға шыққанымызға мәз болдық. Қалампыр Рахимова деген дауысы тамаша қызымыз болатын. Екеуміз Ғарифолла Құрманғалиевтен тәлім алдық. Бір отбасы болып, жанымызға жақын достар да таба алдық. Ансамбль ұлттық нақыштағы киімдерге жаңадан әр беріп, жандандырды. Биші қыздарымыз бен әншілердің ерекше көйлегін Жена Кирик деген суретші, дизайнер қыз жасайтын. Сол арқылы халықты киім үлгісімен де тандай қақтырған едік. Менің әжем шебер кісі болғандықтан, киімдерімнің үлгісін өзім-ақ жасап алатынымын. Ансамбльде оркестрмен бірге «Қыз қуу» әнін орындайтынмын. Алдымен бишілер шығып, кейін мен шығатынымын. «Гүлдер» деген әнді Өсет Бейсеуов бізге арнап жазған еді. Қарап отырсам, айтар әңгіме көп. Алдағы уақытта осы естеліктердің бәрін жинақтап, үлкен бір кітап етіп шығаруды ойлап жүрмін.



Айжан НҮРМАҒАМБЕТОВА,
әнші, ҚР еңбек сіңірген әртісі:

– Мен мектеп қабырғасында жүргенімде «Гүлдер» ансамблі құрылып, таныла бастады. Оқушы кезімізде әншілердің өнеріне тамсанып өстім. Мектепке барар жолдағы аялдамада «Гүлдер» ансамблінің балет труппасында өнер көрсететін апаймен кезігіп қала беретінбіз. Сол кезде мен де сол кісі секілді әдемі, талантты өнер адамы болсам деп армандайтын едім. 1985 жылдары XII Дүниежүзілік жастар мен студенттер фестивалінің лауреаты атанып келгеннен кейін «Гүлдер» ансамбліне қабылдандым. Ол кездері ұжымның құрамына кіру өте қиын болатын. Лауреат атанып, жанды дауыста тамаша шықпай алуың қажет. Ол кездері бір жеті үйімізде болсақ, үш ай гастрольдік сапарда жүретінбіз. Еліміздің түкпір-түкпірін аралап концерт беретін едік. Жанды дауыста ән шықпай, халықтың ықыласына бөленетін едік.

Бұдан бөлек, алыс-жақын шетелдерге гастрольге аттана-

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Әр елге барған сайын «Қазақ музыкалі жасасын!» деген мадақ сөздер естіп қайтатын. Жұрттың бұлай асқақтататындай жөні бар еді. «Гүлдердің» әншілері бір концертте жанды дауыста 20 әнге дейін шырқайтын болса, бишілері 40 күн қатарынан аяқтарынан тік тұрып билейтін.

тынбыз. Мен ансамбльдің 3-ші толқыны болдым. 1997 жылдары құрамнан кеттім. Қарап отырсам, 12 жылым осы жерде өтіпті. Құрамға бізден кейін Жеңіс Ысқақова, Бақыт Шадаева, Жеңіс Сейдоллаұлы қабылданған еді. Осылайша Кеңес Дүйсекевтің шақыртуымен «Қазақконцертке» ауыстық. Ансамбльдің құрылғанына 40 жыл толғанда Жеңіс Сейдоллаұлы жетекшілік етіп, ерекше бір кеш ұйымдастырды. Жастармен бірге өнер көрсетіп, бір сахнада ән шырқадық. Өнерде жүргеніме 45 жыл өтіпті. Оның ішінде жастығым, ерекше сәттерім «Гүлдерде» өткеніне қуаныштымын.



Бақыт ШАДАЕВА,
әнші, Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген қайраткері:

– Мен ансамбльдің ең соңғы түлегімін. Мен үшін «Гүлдер» ең үлкен мектеп болды. Студент кезімізде 3-4 конкурста қатысып, жеңімпаз болғаннан кейін Мәдениет министрлігі 1989 жылы «Гүлдерге» қабылдандыңыз деп шақырған еді. Ол кездері тәртіп өте қатал болатын. Қалаған әніңді орындауға мүмкіндік болмайтын. Композиторлардың, басшылардың

бақылауынан өтіп барып шырқайтын едік әндерді. Өркімнің өзіндік стилі қалыптасатын. Ансамбльде 1994 жылдарға дейін өнер көрсеттім. Бір ұжым болғандықтан, бір-бірімізбен тату-тәтті өмір сүрдік. Күнде дайындық жасап, өнерімізді шындайтынбыз. Әнді де ең бірінші нотамен шырқайтынбыз, грамматикаға да аса мән беретін еді. Аға буынның ескертпелеріне үнемі құлақ асатынбыз, олардың айтқан сын-ескертпелеріне назар аударатынбыз.

Бір кездері мынандай қызық болды. Сахнаға шығар алдында киімімді біреулер тығып қойған, оны іздеп жүріп әрең таптым. Сөйтсем, оны жылытқышқа тығып қойыпты. Өлгі көйлегімнің шеті күйіп қалып, көңілім бір жабырқаған еді.

Міне, осындайда қызықтар басымыздан өтті. Ансамбльде жүргенде маған Жеңіс Ысқақова үнемі қолдау білдіретін. Жас қой деп жанымнан табылатын. Сол кездердің тағы бір ерекшелігі, жақсы әндерді орындауға өз арамьзда таласып қалатынбыз. Дегенмен, композиторлардың әншіге арнап шығарған арнаулы әндерін орындамайтынбыз. Қазіргі таңда бір-бірінің әндерін кезекпен-кезек орындай береді ғой.

Мен айтар едім, «Гүлдер» ансамблінен түлеп ұшқан әншілеріміз кәсіби шеберлер атанды.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«БЕЙБАРЫС СҰЛТАН»

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Авторы: Р.Отарбаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
Қоюшы-режиссері: Ю.Ханинго-Бекназар, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
Күні мен уақыты: 18 ақпан, 18.30.



«БІРГЕ БОЛУ СЕЗІМІ» КӨРМЕСІ

Өтетін орны: Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі.
Күні мен уақыты: Көрмені ақпан айының 22-сіне дейін тамашалай аласыздар.



«АННА КАРЕНИНА»

Өтетін орны: Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры.
Спектакль бір үзіліспен өтеді.
Күні мен уақыты: 2 сағат. 19-20 ақпан, 19.00.





ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

АЛА ҚАП АРҚАЛАҒАН АНАЛАР

еңбегін бүтінгі жастар ұмытпауы тиіс



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Тоқырау жылдары дегенді тарихтың бір қиын кезеңі ретінде еске аламыз да, жылы жауып қоятын болдық. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін елдің тұрмысын ауырлатып, санасына өзгеріс әкелген осы уақытқа қатысты біз назар аудармай келе жатқан түйткіл көп. Бұл қиын жылдары мыңдаған әйел табыс тауып, бала-шағаны асырауды, сөйтіп, қиын кезеңнен шығуды өзінің абыройлы міндеті санады. Экономикалық-әлеуметтік ауыртпалық қоғам өмірінің түрлі саласында әйелдерді

қажырлы, тіпті азапты еңбек етуге мәжбүрледі. Тоқырау жылдарының бар кесепаты кәсіптен нәсіп табам деген қыз-келіншектердің басына түсті. Ала қаппен ауыр-ауыр жүк арқалап, белі талған да, базардан нәпақа табам деп аязға тоңған да, рәкетпен арпалысқан да – солар. Жағдайымыз тәуірленген қазіргі мезгілде біз осы «тоқырау әйелдерінің» ерлігін ұмытпай, олардың сол кездегі қажыр-қайратын тиісінше бағалауымыз қажет сияқты.

Серік
ЖҰМАБАЕВ

ЕЛДІҢ ТҰРАҚТАНУЫНА ҮЛКЕН СЕПТІГІН ТИГІЗДІ

Бұл жылдары елімізде өте қиын жағдай қалыптасты. Зауыт-фабрикалар жабылып, елді жаппай жұмыссыздық жайлап, мемлекеттік салада қызмет істейтіндердің айлығы, қариялардың зейнетақысы кешіктіріліп берілді. Жұмыс тапшы, ақша жоқ, «екі қолға бір күрек» таба алмаған кейбір зінгіттей жігіттер ақыры ұйымдасқан қылмыстық топ құрып, рәкеттікпен айналысып, елді тәртіпсіздік жайлады. Ал жұмысынан босап қалған ер-азаматтардың дені шарасыздықтан маскүнемдікке салынып, көптеген шаңырақтың ырысы мен берекесі ыдырап, қоғам әлеуметтік қопарылыстардың сәл-ақ алдында тұрды.

Осындай қиын-қыстау кезде ардақты аналарымыз қаншама ауыр жағдайларды бастан өткерсе де, бәріне төзімділік танытып, мемлекеттен көмек сұрамай-ақ тығырықтан шығудың жолын тауып кетті. Жендерін қайырып алып, ала қап арқалаған аналарымыз Қытай, Қырғызстан, Түркия, тіпті бүкіл шетел асып, тауар тасымалдап, сауда-сатқыпен айналысты.

Осылайша олар ең бірінші өздерін жұмыспен қамтып, бала-ша-

ғасын асырау арқылы ел экономикасын дағдарыстан аман алып қалды. Шынында да, аналардың ала қабы 90-жылдары мемлекетте тауар тапшылығын жойып, елдің тұрақтануына үлкен септігін тигізді.

ҚАҚАҒАН АЯЗДА САУДА ЖАСАУ ОҢАЙ ЕМЕС

Ресми емес деректерге сүйенетін болсақ, 90-жылдары елімізде 2 миллионнан астам қыз-келіншек шетелден тауар әкеліп, сауда-сатқыпен айналысқан екен. Қалааралық, халықаралық автобустармен жолға шығамын деп, олардың қаншасы жол-көлік оқиғаларынан қайтыс болғанын тиісті органдар нақты айтып бере алмасы анық. Бірақ бір белгілісі, қазіргі дәрігерлердің айтуынша, кезінде алыпсатарлықпен айналысқан әйелдер Ауғанстан мен Шешенстанда болған соғысты көргендей стрестік жағдайды басынан өткерген екен.

Шетелге шығу, кеденнен өту, бөтен мемлекетте ала қап арқалап, жаяу-жалпы тауар сатып алу, зіл батпандай жүкті қайтадан шекарадан өткізу, полицияға, рәкеттерге қалтасынан қағылып, ең ақыр аяғы ұры-қарыға тонамай, тауарды сатудың өзі – біле-білген адамға үлкен азап.

Оның үстіне, 35–40 градусық қақаған аязда бір орында тұрып сауда жасау, шілденің шілінгір ыстығында ұзақ жолға шығу оңай

емес. Мұның бәрі адам жүйкесіне кері әсер ететіні сөзсіз.

ТАРИХ АШЫЛМАЙ, БОЛАШАҚ ЖАРҚЫН БОЛМАЙДЫ

Өкініштісі сол, кезінде елдің дамуына бірден-бір ықпал еткен сауда саласына қазіргі қоғамның көзқарасы дұрыс емес. Бүгінде бізде саудамен айналысатындарды көпшілік оң бағаламайды. Ел арасында «саудагерлер алдап-арбап кетеді» деген секілді жағымсыз пікір қалыптасқан. Дегенмен, қалай десек те, бүгінгі жастар ала қап арқалаған аналарымыздың жасаған ерлігін, жанқиярлық әрекетін ұмытпауы тиіс.

Ала қап арқалаған аналардың қайсарлық әрекеті, бұл – мыңдаған отбасының басынан өткен ұмытылмас тарих. Сондықтан мұндай аналарды ардақтау керектігін барша халық қолдайды деп сенеміз. Дегенмен, өкініштісі, қазір осыны көп жастар біле бермейді. Ендеше, 90-жылдары елдің бастан кешкен қиын оқиғалары төңірегінде неге кино түсіріп, жазушыларымыз кітап жазып, театрларда түрлі қойылымдар қоймасқа? Бұл біздің тарихымыз емес пе? Ал тарихын ұмытқан халық мәңгірт болып есептеледі. Бұл жақсы емес. Сондықтан тарихымыз ашылмай, болашағымыз жарқын болмайтынын ұмытпауымыз керек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Амантай НҮРЛАНҰЛЫ,
Алматы қаласының тұрғыны:

АНАЛАРДЫҢ АРҚАСЫНДА АМАН ҚАЛДЫҚ

Жасыратыны жоқ, 90-жылдары елімізде жарық жоқ, су жоқ, азық-түлік, киім-кешектердің барлығы талон бойынша берілді. Елімізде парақорлық жайлап, халықтың болашаққа деген сенімі азайып, әлеуметтік жағдай қорқынышты деңгейде болды.

Дегенмен, Қазақ елі – төзімді халық. Аналарымыз ала қапты қолмен арқалап, шетел асып, тауар тасыды. Осылайша күйеуін, бала-шағасын жұмыспен қамтып, қандай қиын жағдай болса да, күн көруге, өмір сүруге бейімдеді. Біз ауыр жағдайда өмір сүріп, аналардың арқасында аман қалдық. Біз ғана емес, жалпы Қазақ елі, мемлекетіміз де ала қап арқалаған аналардың төзімділігі мен табандылығынан дағдарыстан аман өтті. Олар Үкіметке салық төлеу арқылы мемлекет бюджетін қампайтты.

Бақытжан ЖЕКСЕНҰЛЫ,
заңгер:

ОЛАРҒА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТУ КЕРЕК

Менің ойымша, сырттан жүк тасыған, алыпсатарлықпен айналысқан әйелдерге ескерткіш орнатуымыз керек. 90-жылдары үстіне «Аидас» киіп алып, ала сөмкесін арқалап жүріп Қазақстанды дағдарыстан құтқарған – осы әйелдер. Керек десеңіз, мұндай ескерткіш Ресейде бар. Бірақ онда ер адам бейнеленген. Қолында – ауыр сөмкесі, иығында – үлкен қорап, белінде ақша салатын белбеуі бар ескерткіш орнатылған. Ендеше, неге бізге де осындай ескерткіш орнатпасқа?

Сонымен қатар, олардың зейнетақысын, мүтедектік жәрдемақысын көбейтуіміз керек. Өйткені, кезінде саудамен айналысып, қазір мүтедек болып қалған әйелдер өте көп. Ен болмаса дәрі алып, коммуналдық төлемдерін төлеп, өздеріне жететіндей мүтедектік жәрдемақысын тиісті деңгейде берсек, бұл әлдеқайда сауапты іс болар еді.

Ұлбосын ҚҰДАБАЕВА,
II топтағы мүтедек:

ҚАЗІР РЕТТЕЛМЕСЕ, БҰРЫН ТӘРТІП БОЛҒАН ЖОҚ

Мен Қазақ соқырлар қоғамы Түркістан қалалық филиалының кәсіпорнында 27 жыл жұмыс істедім. Туелсіздік алған алғашқы жылдары жұмысымыз тоқтап, содан күнкөріс қамы үшін саудамен айналыстым. Қырғызстаннан тауар әкеліп, оны Байқоңырда саттық. Осылайша ала қап арқалап жүріп, үш студент оқыттым. Бішкектен алған тауарларымызды сол жақтың таксистері кеденнен өткізіп беретін. Сол үшін қосымша ақы төлейтінбіз. Оның үстіне бұрын рәкеттер, ұры-қарылар көп болатын. Рәкеттер әйел адамға тимейді, бірақ еркектерді «счётчикке» отырғызып қоятын. Қырғызстанға әр келген сайын ер жігіттер олардың «ставкасын» беріп тұратын еді. Дегенмен, Бішкекте сығандар өте көп болды. Байқап жүрмесек, олар қалтаңдағы барлық ақшаны, тіпті тауарларыңа дейін қағып кететін. Қазір енді-енді реттелмесе, біздің кезде тәртіп болған жоқ.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«ҚАНЫШ»

Өтетін орны:
Барлық кинотеатрдан
тамашалай
аласыздар.
Режиссері: Ерлан
Нұрмұхамбет.
Күні мен уақыты:
17–20 ақпан, 13.30,
15.40, 17.30, 19.00.



ЖЕКЕ ӘН КЕШІ

Өтетін орны: Республика
сарайы.
Әртістер: Dastan Orazbekov.
Тұрақ: Бар.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Жас шектеулері: 7+.
Күні мен уақыты: 19 ақпан,
19.00.



«КӨҢІЛДІ ҚОНЖЫҚТАР»

Өтетін орны: Алматы
Мемлекеттік қуыршақ театры.
Автор: М.С.Поливанова.
Режиссер: В.Беркин, Г.Лиясова.
Тұрақ: Бар.
Күні мен уақыты: 18 ақпан,
12.00.

Әзірлеген
Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ДҮЙСЕНБІ
20 АҚПАН

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студия
9.00 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Отыздан асып барамын» 10 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб
17.15 Женский кино клуб. «Три в одном» 1 серия
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 21 серия
21.00 Телехикая. «Есіктер-1» 7-8 серия
22.00 Мужской сериал. «Спецы» 17-18 серия
23.45 Телехикая. «Отыздан асып барамын» 11 серия
0.45 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.35 Шешімі бар
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.25 Алматы тұнған тарих
3.45 Алматинские истории
4.10 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Сезім толқыны». Телехикая. (с субтитрами)
14.10 «Қызық екен...»
15.10 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
16.00 «Айман&Шолпан» Телехикая. (с субтитрами)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 AQPAPAT
1.10 «Сана». Ток-шоу
2.10 «Ауылдастар»
2.40 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 «Бір кітап»
10.35 Мультфильм. «Сила девяти богов»
12.00 Телехикая. «Үкім»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Кино. «Брат или брак»

17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости.
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Үкім»
21.45 Телехикая. «Құсайыновтар. Өмір жолы»
22.45 Кино. «Брат или брак 2»
01.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Ризамын
08.00 What's up?
08.30 Т/сериал «Тайная любовь»
09.40 «Күліп ALL»
10.00 Т/сериал «Листопад» (қайталау)
10.50 «31 әзіл»
11.30 Т/сериал «Городские легенды»
12.30 Мультсериал «Маша и медведь»
13.50 КИНО. Джеки Чан в боевике «Лорд Дракон» (повтор)
16.00 КИНО. Милла Йовович в боевике «Обитель зла. Последняя глава» (повтор)
18.00 КИНО. Дэйв Батиста в комедийном боевике «Мой шпион»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
21.50 КИНО. Донни Йен в боевике «Ип Ман»
00.00 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Ануама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОЛОВО»
10.50 «СОЛЕНАЯ КАРАМЕЛЬ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Антон Васильев, Дмитрий Паламарчук в многосерийном фильме «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА»
0.15 Премьера. Евгений Миронов, Александр Робак, Владимир Ильин в многосерийном фильме «ПРОБУЖДЕНИЕ»
1.10 Ночной кинотеатр. «КРАТКИЙ КУРС СЧАСТЛИВОЙ ЖИЗНИ»
2.00 «НОВОСТИ»
2.05 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.20 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3.05 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.30 «П@УТИНА» бағдарламасы
До 4.25



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.10 Т/х «12 күн»

07.20 Т/х «Көршілер»
08.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.30 Т/п «Измайловский парк»
12.00 Скетчком «Q-елі»
12.20 Т/х «Көршілер»
13.00 Т/х «Қызыл алма»
14.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/с «Полицейский с Рублевки»
16.00 Т/с «Женский доктор»
18.00 Т/с «Провинциал»
20.00 Т/с «Я заберу твою семью»
21.00 Т/х «Сәке»
21.35 Т/х «Қызыл алма»
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.20 Т/х «12 күн»
00.20 Т/с «Полицейский с Рублевки»
01.20 Jaidarman
02.10 Т/п «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «ӨҮЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.30 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
11.10 «БУДЬ ЧТО БУДЕТ», мелодрама (худ. сериал) (повтор)
15.00 «ДРУГИЕ», мелодрама (худ. сериал)
17.00 «СҮЙГЕН ЖҮРЕК», корей телехикаясы Тұсаукесер! С субтитрами на русском
18.15 «ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «ЛЮБОВЬ БЕЗ ТОРМОЗОВ», мелодрама. Премьера! (худ. сериал)
23.35 «ПОД ПРИКРЫТИЕМ», остросюжетный детектив. Премьера! (худ. сериал)
01.20 «ДРУГИЕ», мелодрама (повтор) (худ. сериал)
02.05 «ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР», (қайталау)
03.05 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.50-
04.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ. Чемпионат четырех континентов. Мужчины. Короткая программа
10.05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
10.35 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ». 3 сезон. 4 выпуск. (Виталий Вориводин)
10.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер) 4 тур.
«Буревестник» – «Тараз». Тікелей эфир
13.00 «THE RING». 7-бағдарлама. (Абылайхан Жүсіпов)
13.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер) 4 тур.
«Алтай» – «Жайық». Тікелей эфир
15.25 «Медвеуден – Олимпиада айдынына». Мәдіғали Қарсыбеков. Деректі фильм

15.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер) 4 тур.
«Павлодар» – «Ұшқын-Көкшетау». Тікелей эфир
17.55 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
18.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер) 4 тур.
«Атырау» – «Есіл СК». Тікелей эфир
19.20 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Авангард» (Омск) – «Барыс» (Астана). Тікелей эфир
22.00 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
22.30 ММА. OCTAGON 41
02.30 «Тоғызқұмалақшылар бәсекесі». Арнайы репортаж
02.45 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Көжектер»
7.45 Анимация. Отандық / «Сәби»
8.15 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
8.40 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
9.00 «Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама
9.10 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
9.25 «Miss Kaussar» танымдық бағдарлама
9.35 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
10.05 «Турбозаврлар» Мультхикая.
10.20 «100% қасқыр» Мультхикая.
10.45 «Отанға қызмет етемің!» танымдық реалисти бағдарлама.
11.05 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
11.30 Анимация. Отандық / «Алтын кілт»
11.40 Анимация. Отандық / «Ғарышкер бала Жігер»
12.00 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
12.10 «Аға болғым келеді» ситком.
12.25 Анимация. Отандық / «Жібек»
12.40 «Тәжірибе алаңы» танымдық бағдарлама
12.45 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир
«Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
14.00 «Қос алқа» музыкалық-танымдық бағдарлама
14.15 Анимация. Отандық / «Тәп-тәтті хикая»
14.30 «Көке» ситком.
14.50 Анимация. Отандық / «Сәби»
15.25 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
15.40 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
16.05 «Әтеш Брустер» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Көжектер»
16.50 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
17.15 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17.35 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
17.55 «Аға болғым келеді» ситком.

18.10 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
18.35 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.00 «Турбозаврлар» Мультхикая.
19.15 Анимация. Отандық / «Жібек»
19.25 «Отанға қызмет етемің!» танымдық реалисти бағдарлама.
19.50 «100% қасқыр» Мультхикая.
20.20 Анимация. Отандық / «Тәп-тәтті хикая»
20.45 «Көке» ситком.
21.05 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
21.25 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
21.50 Анимация. Отандық / «Алтын кілт»
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Ғарышкер бала Жігер»
22.40 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
23.05 «Әтеш Брустер» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

06.00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
11.00 «Сарай жауһары» корей телехикаясы
12.30 «Ninety one» X/ф
14.40 «Қағаз Кеме» телесериал
15.40 «Практика 2» телесериал
18.00 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.15 «Ангел-хранитель» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.00 «Практика 2» телесериал
01.40 «Условия контракта 2» телесериал



TALIM TV

07.00 Views
08.10 Қышқыл мысқыл
09.00 Семейный доктор
09.30 Проза параграфы
09.55 Сау болайық
10.30 Баба сөзі – өсиет
10.10 Қалақай
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ғибратты ғұмырлар
13.10 Сау болайық
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Көке» 5-серия – телехикая
17.00 Айтыс. Алтын қор
17.40 Dara til
18.10 Оңіне
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
19.00 Тәлім trend
19.35 Әжемнің әңгімесі
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.00 Сау болайық
21.10 «Үлкен үй-1» – телехикая
22.10 Менің анам, әкем
22.30 Руханият
22.55 Views

СЕЙСЕНБІ
21 АҚПАН

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студио
9.00 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Отыздан асып барамын» 11 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб
17.15 Женский кино клуб. «Три в одном» 2 серия
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 22 серия
21.00 Телехикая. «Есіктер-2» 1-2 серия
22.00 Мужской сериал. «Спеццы» 19-20 серия
23.45 Телехикая. «Отыздан асып барамын» 12 серия
0.45 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.35 Шешімі бар
2.20 Әмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.25 Алматы тұнған тарих
3.45 Алматинские истории
4.10 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Әнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 «ӘМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Сезім толқыны». Телехикая. (с субтитрами)
14.10 «Қызық екен...»
15.10 «Бірегей». Деректі фильм
16.00 «Айман & Шолпан» Телехикая. (с субтитрами)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.40 AQPAPAT
1.15 «Ауылдастар»
1.50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. 1/8 финал. «АЙНТРАХТ» (Германия) – «НАПОЛИ» (Италия). Тікелей трансляция
3.55 Әнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Одна книга»
10.05 Мультсериал. «Алиса и Льюис»
10.30 Мультфильм. «Белки в деле»

- 12.00 Телехикая. «Үкім»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Кино. «Ва-Банк»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости.
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Үкім»
21.45 Телехикая. «Құсайыновтар. Әмір жолы»
22.45 Кино. «Айка»
01.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.10 Информбюро (повтор)
08.00 Ризамын
08.30 Т/сериал «Тайная любовь»
09.40 «Күліп ALL»
10.00 Т/сериал «Листопад» (қайталау)
10.50 «31 әзіл»
11.30 Т/сериал «Городские легенды»
12.30 Мультсериал «Маша и медведь»
13.30 КИНО. Дэйв Батиста в комедийном боевике «Мой шпион» (повтор)
15.30 КИНО. Донни Йен в боевике «Ип Ман» (повтор)
17.40 КИНО. Донни Йен в боевике «Ип Ман 2»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
21.50 КИНО. Холли Берри в триллере «Похищение»
23.40 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Ануама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студио
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11.30 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.20 Елизавета Боярская, Роман Полянский, Елена Подкаминская, Елена Николаева в многосерийном фильме «Я ВЕРНУСЬ»
13.15 «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Антон Васильев, Дмитрий Паламарчук в многосерийном фильме «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА»
0.15 Премьера. Евгений Миронов, Александр Робак, Владимир Ильин в многосерийном фильме «ПРОБУЖДЕНИЕ»
1.10 Ночной кинотеатр. «КРАТКИЙ КУРС СЧАСТЛИВОЙ ЖИЗНИ»
2.00 «НОВОСТИ»
2.05 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.20 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3.05 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.30 «П@УТИНА» бағдарламасы

7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.10 Т/х «12 күн»
07.20 Т/х «Көршілер»
08.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00 Т/с «Провинциал»
11.00 Т/с «Я заберу твою семью»
12.00 Скетчком «Q-елі»
12.20 Т/х «Көршілер»
13.00 Т/х «Қызыл алма»
14.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/с «Полицейский с Рублевки»
16.00 Т/с «Женский доктор»
18.00 Т/с «Провинциал»
20.00 Т/с «Я заберу твою семью»
21.00 Т/х «Сәке»
21.35 Т/х «Қызыл алма»
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.20 Т/х «Әкесінің баласы»
00.20 Т/с «Полицейский с Рублевки»
01.20 Jaidarman
02.10 Т/п «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

- 07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.10 «БЫЛО ДЕЛО»
11.00 «ПОД ПРИКРЫТИЕМ», остросюжетный детектив (повтор) (худ. сериал)
13.00 «ЛЮБОВЬ БЕЗ ТОРМОЗОВ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «ДРУГИЕ», мелодрама (худ.сериал)
17.00 «СҮЙГЕН ЖҮРЕК», корей телехикаясы Тұсаукесер! С субтитрами на русском
18.15 «ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «ЛЮБОВЬ БЕЗ ТОРМОЗОВ», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
23.35 «ПОД ПРИКРЫТИЕМ», остросюжетный детектив. Премьера! (худ.сериал)
10.30 Т/п «Измайловский парк»
12.00 Шоу «Маска»
15.00 Скetchком «Q-елі»
15.20 Т/х «Бастық боламын»
18.00 Алишер Каримов «15 жыл сахнада»
19.00 Күлкіде шекара жоқ
21.00 Х/с «Дети ветра»
00.40 Т/п «Алло, бұл кім?»
01.00 Күлкіде шекара жоқ
02.50 Алишер Каримов «15 жыл сахнада»
03.40 Т/п «Жеңіп көр»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ҰНҰРАНЫ
07.05 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР»

08.10 «OZAT OTBACЫ», ток-шоу
09.00 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.00 «СОЛНЕЧНЫЕ ДНИ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «СҮЙГЕН ЖҮРЕК», корей телехикаясы (қайталау)
18.30 «ТАРТЫЛЫС КҮШІ», Қайрат Нұртастың ән кеші
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «БЫЛО ДЕЛО»
23.40 «ДРУГИЕ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
02.20 «КӨБЕЛЕК», көркем фильм (өзбек худ. фильм)
03.40-04.30 «ТАРТЫЛЫС КҮШІ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Ұнұран
07.05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. 1/8 финал. «Лейпциг» (Германия) – «Манчестер Сити» (Англия)
09.05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
09.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Әйелдер) 4 тур. «Жетісу» – «Алматы». Тікелей эфир
11.55 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
12.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер) 4 тур. «Алтай» – «Қуаныш». Тікелей эфир
14.30 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ». 3 сезон. 7-выпуск. Сабир Бекешева
14.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер) 4 тур. «Айқаракөз» – «Тұран». Тікелей эфир
16.55 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
17.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер) 4 тур. «Ертіс» – «Қарағанды». Тікелей эфир
19.30 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
20.00 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
20.50 ММА. «ОСТАГОН 39»
00.15 Арнайы репортаж
00.30 Ұнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Ұнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
7.40 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»

7.50 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
8.15 «Үйшіктер» Мультхикая.
8.40 Анимация. Отандық / «Еркелер»
8.55 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
9.05 «Көңілді жексенбі» отбасылық бағдарлама
9.30 «Зузудың достары» Мультхикая.
10.00 «Сарай коргилері» толықметражды мультфильм
11.20 «Винкстер клубы» Мультхикая.
11.45 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
11.55 «Анаммен бірге/ әкеммен бірге» танымдық бағдарлама.
12.00 Анимация. Отандық / «Тотықұстар»
12.15 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
12.35 «Дарын мен Айзере» ситком.
12.50 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
13.15 Анимация. Отандық / «Екі дос»
13.30 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
13.55 Анимация. Отандық / «Еркелер»
14.10 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
14.40 Анимация. Отандық / «Балалар ізі»
15.00 Анимация. Отандық / «Ежелгі қалаларға саяхат»
15.10 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
15.30 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
15.55 Анимация. Отандық / «Екі дос»
16.10 «Үйшіктер» Мультхикая.
16.35 «Зузудың достары» Мультхикая.
16.50 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
17.00 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
17.10 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
17.20 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
17.50 «Дарын мен Айзере» ситком.
18.05 «Анаммен бірге/ әкеммен бірге» танымдық бағдарлама.
18.15 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
18.30 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
19.00 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
19.30 «Этикет әлемі» танымдық бағдарлама
19.45 Анимация. Отандық / «Тотықұстар»
19.55 «Бал балалары» ситком.

20.25 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
20.45 «Көңілді жексенбі» отбасылық бағдарлама
21.15 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
21.35 «Винкстер клубы» Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 «Сарай коргилері» толықметражды мультфильм
23.50 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Ұнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Улыбка пересмешника» телесериал
11.15 «Бизнес по-казахски в Америке» Х/ф
13.10 «Алдараспан»
16.20 «Құрақ» телесериал
18.00 «Маленький свидетель» Индийское кино
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.00 «Замуж в 30» Х/ф
01.35 «Көру керек!» бағдарламасы

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс.
Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Баба сөзі – өсиет
11.00 Рухани байлық
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының классикасы
13.10 Сау болайық
13.30 Автопортрет
14.10 Фибратты ғұмырлар
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Подкаст – Мың рет тыңдадым
18.35 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
22.40 Пруст сауалнамасы
21.00 Сау болайық
22.10 Ұлы дала комедиясы
22.40 Сырласайық
22.55 Views



Дисней ұсынады. «АЛАДДИН» мультфильмі. «ҚАЗАҚСТАН» арнасы. Сағат 12.00-де.



ДӘСТҮР МЕН ДІН



Дін мен дәстүр сабақтастығы жайлы қазіргі қоғамда жиі сөз қозғалады. Осы тақырыпты қаузап, зерттеп жүрген ғалымдар, дінтанушылардың айтуынша, әдет-ғұрып, салт-сананың негізі мұсылманшылыққа негізделген. Осы мәселені егжей-тегжейлі халыққа түсіндіру үшін Қазақ-стан Мұсылмандары діни басқармасының қолдауымен «Дін мен дәстүр» атты кітап жарық көрген еді. Бұл кітапта қазақы әдет-ғұрыптардың басым бөлігінің имани ұстанымнан алынғандығы, дәстүр мен діннің біте қайнасып бөлінбес дүниеге айналғандығы туралы әңгімеленеді.

ҚАЗАҚЫ ҚАСИЕТ

Құдайы қонақ

Қазақтың дархандық, жомарттық қасиеті – бұрынғы көшпелі ата-бабаларынан үзілмей келе жатқан дәстүр. Ислам діні келген соң осы дәстүрлерді одан әрі бекітіп, оларға мұсылмандық ренк берді. Ардақты аяттар мен Пайғамбар (с.а.с.) өсиеттері, сахабалардың сөздері ілкіде қалыптасқан ізгілік ұстанымдарын одан әрі нақтылап, олардың басты мақсаты Жаратқанның жарылқауына жету екендігін түсіндіріп, қайта жаңғыртты.

Әр үйде қонаққа арналған сый-сияпат алдын ала дайын тұратын үрдіс қазірге дейін сақталған. Қонақтың сыбағасы әрқашан дайын тұрады. Мейман күту қазақтың заңына айналған. Егер қонаққа лайықты құрмет көрсетілмесе, халық биі үй иесіне айып салатын. Қонаққа деген мұндай құрметтің бір негізі Ислам дінінде жатыр. Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім Аллаға, ақырет күніне иман келтірген болса, қонағын құрметтесін, жақсылап күтсін», – деген. Ұқба ибн Амирден (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Қонақ күтпейтін жанда қайыр жоқ» деген Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

Қазақтар қонақтың арнайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ, қылқыма қонақ деп төртке бөлген. Солардың ішінде құдайы қонақ үй иесі танымайтын бейтаныс жан, жолаушы. Отағасы оны бұрын-соңды көрмеген адамын «Құдайы қонақпын» десе болды, жылы шыраймен қарсы алып отырған. Халық нақылында қонақтың құрметін білдіретін «қырықтың бірі – қыдыр», «қонақтың өз ырыс-несібесі, құт-берекесі бар» деген сияқты ұғымдар қалыптасқан. Мейман бейтаныс болса да, үйдің төріне шығарылып қонақ хағы беріліп, құрмет көрсетіледі.

Қазақта қонақ болудың қатып қалған мерзімі болмайтын. Арнайы қонақтар апталап, айлап мейман болатын. Ал «үш күнге дейін қонақ» дейтін қағида көбіне құдайы қонаққа қатысты айтылатын. Оған дейін келген кісінің мақсаты сұралмайтын. Аталмыш қағиданың діннен алынғанына дау жоқ. Оған төмендегі риуаят дәлел болады.

Әбу Шуреих Хуейлид ибн Амрдан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім Аллаға, ақырет күнінен иман келтірсе, қонағының сыйын жақсылап берсін», – дейді. Сахабалар: «Оның сыйы не?» – деп сұрағанда, ол (с.а.с.): «Оның сыйы – бір күн және түн. Қонақ ету үш күн, одан асқаны үй иесінің садақасы», – деп Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

Дастарханың жиылмасын

Қазақ халқында сақталған әдептілік дәрістерінен нағыз мұсылман ұстанымының көрінісін көреміз. Солардың бірі дастарханда отыру, тамақтану әдебі. Енді халық санасында сақталған сол әдептерді хадис шәрифтермен ұштастырып көрелік. Дастарханға отырғанда Алланың атын ауызға алып, тамақты табақтың жақын жерінен оң қолмен алып жеу ата-бабадан келе жатқан дәстүрлі әдеп. Бұл Пайғамбардың (с.а.с.) өсиеттерінен алынған өнегелер. Омар ибн Әбу Сәләм (р.а.) былай дейді: «Маған Алланың Елшісі (с.а.с.): «Уа, бала! Алланың атын атап, оң қолыңмен же. Өзіңе жақын жерден же», – деп айтты». Асты ала бастағанда Алланың есімін айтуды ұмытып, кейіннен есіне түсірсе, «алдында да, аяғында да Бисмилла» десе болады. Бұхари мен Мүслім риуаят еткен. Мүміндердің анасы Айша (р.а.) былай дейді: «Алланың Елшісі (с.а.с.): «Егер де біреулерің тамақ

жесе, «Бисмилла» деп айтсын. Ал егер басында ұмытса, онда «Басында да, аяғында да «Бисмилла» деп айтсын», – деп айтты».

Асқа сол қолын салған балаға үлкен кісілер оң қолмен жеуді үйреткен. Бұл келесі хадистен алынған тағылым болып саналады.

Мейман күту әдебі

Қонақ күтер алдында үйіңізді тазалап, шаң-тозаңын сүртіп, жарқыратып қойыңыз. Келген адамыңыз таза жерде отырса, көңіл күйі де көтеріңкі болады.

Қонақ күткенде көбіне үй киіммен, қалай болса солай жүре беретініміз бар. Ол дұрыс емес, үй киіміңізді ауыстырып алыңыз. Бірақ келетін мейманнан асып жарқырап киінбеген жөн.

Қонақ кетіп қалмайынша үй сыпырмайды. Бұл жақтырмағанның белгісі.

Жүзіңіз сынық болып, көңіл күйіңіз болмай тұрса да, үйге келген мейманды жақтырмаған кейіппен қарсы алмаңыз. Қонақ – құт.

Қонақтармен танысу кезінде ең алдымен әйел адамның қол созғаны жөн. Егер қонақ кешігіп келсе, отырғандардың барлығымен бірдей амандасып шығуы шарт емес, басын изең амандасса айыбы жоқ.

Дастархан жайылған үстелге шақырмайынша барып отырып алған да әдепсіздікке жатады.

Ақ бата

Қазақ үйге келген мейманнан міндетті түрде бата сұрайды. Оған бала да қол жайып, әумин деп бетін сипайды. Бата – арабтың «фатехе» деген сөзінің қазақша айтылу түрі. Оның мағынасы – алғыс айту, ақ ниет, тілек білдіру.

*Құдай жарылқасын,
Бай қылсын.
Бақ қарасын,
Қыдыр дарысын.
Әулие дарысын,
Әруақ жебесін!*

*Дастарханға береке берсін,
Ерге дәулет берсін.
Шыққанның есесін берсін,
Қалғанның берекесін берсін.*

*Кең пейіл берсін,
Ұзақ өмір берсін.
От айнала бас берсін,
Өріс толы мал берсін.*

*Мал берсе,
Қайырлы берекесімен берсін.
Бас берсе,
Азық-несімен берсін!
ӘУМИН!*

ОҚУ-СЕМИНАР

ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық түсіндіру тобының мүшелеріне арналған оқу-семинар өтті.

Дінді өздерінің саяси мақсаттарына қолданатын экстремистік және террористік ұйымдардың диттегені – мемлекеттің тұтастығына, ішкі қауіпсіздігіне және қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштыққа нұқсан келтіру. Адамдардың дінге деген сенімін пайдаланып, рухани құндылықтарды бетперде еткен жалған уағызшылар деструктивті ағымдардың өкілдері әлемдік деңгейде алауыздық пен өшпенділік туғызады. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алудың бірден-бір жолы – халықты дұрыс ақпараттандыру. Осы мақсатта Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының ұйытқы болуымен Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық түсіндіру тобы құрылған. Біраз жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері жыл сайын толығып, жаңарып отырады. Таяуда Алматы қаласында осы ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері үшін арнайы оқу-семинары өтті.

Жиынға дінтанушылар, исламтанушылар, психологтар мен дін саласындағы білікті мамандар қатысты. Спикерлердің айтуынша, Алматы қаласы тұрғындары үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының басты мақсаты – қоғамның радикалды идеологияға деген иммунитетін қалыптастыру, жастардың теріс ағымдардың жетегіне кетуіне жол бермеу.

«Жұмысымыздың түп-төркіні халыққа діни экстремизм мен терроризмнің соңы жақсылыққа әкел соқпайтынын, адастыратынын түсіндіру. Ақпараттық-түсіндіру тобының әрбір мүшесі кез келген аудиториямен жұмыс істей білуі керек. Біз ақпараттық түсіндіру тобының мүшелерін арасында деструктивті ағымға бой алдырған адамдары бар ұжымдарға жібереміз. Өйткені, теріс ағымда жүрген адам өзімен бірге басқа адамдарды да тартуы әбден ықтимал. Сондықтан білікті мамандардың сондай жерлерге барып, дәріс оқуы маңызды. Алматы тұрғындары кез келген дінге қатысты сұрақтарымен Діни басқармаға және «Нұр-Мұбәрак» университетіне баруына болады», – дейді Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Нұрлан Қиқымов.



ҚР ҰҚК Антитеррористік дайындық орталығының маманы Болат Шомановтың айтуынша, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізудің де өзіндік қиындықтары бар. Мұндай жағдайда терең білім, сұңғылалық керек.

«Діни экстремизмнің басты сипаты – адамдарға ұстанатын сенімі бойынша өшпенділік пен озбырлықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе күш қолдана отырып шақырумен байланысты қысым көрсету, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, сеніміне немесе құқығы мен бостандығына қатер төндіретін кез келген діни тәжірибені қолдану», – дейді спикер.

ҰҚК деректеріне сәйкес, Қазақстанда 209 ақпараттық-түсіндіру топтары жұмыс істейді, олардың 16-сы республикалық, 42-сі облыстық, 151-і аудандық.

Былтырдан бері елімізде «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы жүзеге асырылып келеді. Жобаның мақсаты – Қазақстан Республикасында ұжымдық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету. Бүгінгі таңда мемлекет ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың кең спектрін өткізуде. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде онлайн кеңістікте діни экстремизмнің алдын алу бойынша қарсы насихат және ақпараттық-түсіндіру әдістері қолданылады. Қарсы насихат жұмысы әлеуметтік желілерде жергілікті Дін істері басқармалары мен «Дін мәселелерін зерттеу орталықтары» тарапынан жүргізіледі. Әлеуметтік желілерге дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша аудио-бейнематериалдар, сұрақ-жауап, діни мамандар мен сарапшылардың дәрістері, пікірлері орналастырылады. Сонымен қатар, экстремизм мен терроризм идеяларын насихаттайтын материалдарды анықтау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына, интернет-ресурстарға, оның ішінде әлеуметтік желілерге тұрақты мониторинг жұмыстары жүргізіледі.

Бетгі әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.



Ж.ӘБДІЛДИН – 90

Ел тарихының өткен ғасыр-дағы рухани кеңістігінің жүйелі қалыптасуы мен дамуына академиялық ғылым саласының қосқан үлесі зор. Міне, осы абыройлы істің бел ортасында көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, нағыз ұстаз, еліміздің отаншыл адал перзенті, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдин жүрді. Биыл ақпан айында әлемдік ғылыми ортаға танымал философ ағамыздың 90 жасқа толған мерейтойы аталып өтетінін қоғамтанушы ғалымдар жақсы біледі. Осыған орай Жәкеңнің ғылым мен білім саласындағы ғибратты өмір жолымен қалың оқырманды қысқаша таныстыра кетуді жөн көрдік.

Жаңашыл бағдар, жастыққа тән батылдық

Қазақ мемлекеттік университетін философия мамандығы бойынша үздік бітірген, болашақ Ұлттық академияның академигі Жабайхан Әбділдин бастаған жас ғалымдардың шығармашылық тобының бірінші кітабы «Танымның диалектикасы мен логикасы мәселелері» деп аталды. Бұл еңбек еліміздің ғылыми кеңістігінде оқырмандарды сонылығымен, жаңашылдығымен елендеткен маңызды оқиғаға айналды. Жас зерттеушілер өздерінің философиялық бағдарламасын, адам ойы мен дүниетанымы туралы тұтастанған ілімді жасау, қорыту, жинақтау туралы ойларын жастыққа тән батылдықпен жария етті.

Қазақстан философтарының ғылыми ұстанымы жалпы кеңестік ғылыми кеңістіктегі өзіндік ерекшелігі бар, жаңашыл бағдар болатын. Бірнеше жылдардан кейін Ж.М.Әбділдин тобының жаңартылған зерттеу бағдарламасы төрт томдық «Диалектикалық логика» топтамасына енді. Бұл ғылымдағы батыл қадамдар жастық арманның жүзеге асуы еді, олардың парасатқа сай болуы негізгі өлшемге айналды.

Ғылымды дамытудағы талпыныстарға барлық күш-жігер салынса ғана әлеуметтік практикада адам ойының толық жүзеге асатындығы дәлелденді. Сөйтіп, елімізде өз алдына ірі философиялық мектеп қалыптасты. Оны кәсіби мамандар «Кеңестер Одағындағы Алматы диалектикалық логика мектебі» деп атады. Осы отандық философиялық мектеп аясында тоталитаризмнің теориялық ұстанымының тотальдік үстемдігі жоққа шығарылып, нақты ойлау негіздері жете зерттеліп қана қоймай, философиялық ойлаудың, ғылыми ізденістер жасаудың ерекше үлгілері насихаттала бастады.

Адамды тану арқылы қоғамды тану

Қазақстандық философтар адамды тану арқылы қоғамды тану мүмкіндігінің пайда болатындығын айқындаумен айналысты. Бұл бағдар ұлтымыздың данагөй ұлдары Абай мен Шәкәрім айтқан құндылықтық бағдарлармен сәйкес келетін. Ал адамды өз кезегінде, тек оның ішкі рухани әлемін ұғыну, түсіну, игеру арқылы ғана білуге болады. Бұл халқымыздың шығыстық ділімен де үйлесіп жататын ұстаным болатын. Сондықтан сана мәселесі, адам ойлауының заңдылықтары қазақстандық философтардың тобы және оның ізбасарларының пікірін-

«СЕЗІМТАЛДЫҚ ТЕОРИЯСЫ»

немесе көрнекті ғалым, есімі әлемге танымал философ Жабайхан Әбділдиннің ғибратты жолына үңілгенде



ше, теориялық зерттеулер тарапында алға жылжуға мүмкіндіктер беретін негіздер еді.

Өткен дәуір философиясын объективті сараптайтын болсақ, онда кеңестік философтардың кейбірі сыни ойлау негізінде көптеген қайшылықты мәселелерді ашық талқылай бастады. Бұл шын мәніндегі еркін ойлаудың алғашқы қадамдары еді. Бұл бағытта ресейлік мамандар – Батищевтің, Бахтиннің, Ильенковтың, Копниннің, Мамардашвилидің, қазақстандық философтар – Ж.Әбділдиннің, К.Әбішевтің, А.Қасымжановтың, М.Орынбековтың және т.б. көрнекті философтардың сіңірген еңбектерін ерекше атап өту керек.

Жаңа логиканың бастапқы ой-ниеті, алғашқы кітап пен одан кейінгі жарияланымдар төрт томдық «Диалектикалық логика» атты еңбекте тұжырымдалды. Жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдардың деректерінде диалектикалық ойлаудың біртұтастық, қайшылық, нақтылық, абстрактіліктен нақтылыққа қарай асқақтау тәрізді ұстанымдары жан-жақты зерттелді. «Теорияны құрудың диалектикалық логикалық ұстындары» атты көлемді монографиясында Жабайхан Әбділдин мен Ә.Н.Нысанбаев ғылыми-теориялық танымның ең жоғарғы тірегі – теорияның қалыптасуының басты кезеңдерін айқындап береді.

Шығармашылық ойлау стилін қалыптастыру идеясы

«Қазіргі ғылымдағы қайшылық ұстанымы» атты ұжымдық еңбекте авторлар ғылымда диалектикалық қайшылыққа сүйенетін кез келген қозғалыс пен даудың бастауы және тіршілік көзі болып табылатын шығармашылық ойлау стилін қалыптастыру идеясын алға тартады. Бұл еңбектегі ойлар ары қарай «Әлеуметтік танымдағы қайшылық ұстаны-

мы» монографиясында өз жалғасын тапты.

1974 жылы философия ғылымының докторы, профессор Ж.М.Әбділдин Қазақ КСР ҒА Философия және құқық институтының директоры болып тағайындалды. Философия әлеміне үлкен қызығушылық танытқан Ж.М.Әбділдин мен Ә.Н.Нысанбаевтың «Теорияны құрудың диалектикалық-логикалық ұстанымдары» атты көлемді монографиясы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы қоғамдық және географиялық ғылымдар саласындағы бірінші академиялық сыйлықпен марапатталды.

Жабайхан Әбділдиннің «Теориялық танымдағы бастау мәселесі» атты кітабы мамандар арасында танымал еңбекке айналды. 1959–1963 жылдары көрнекті философтың басқаруымен әрі ғылыми жетекшілігімен институт ауқымында диалектикалық логика бойынша ірі философиялық мектеп өзінің беделін Еуразиялық кеңістікте таныта бастады.

Қазақстандық диалектикалық логика мектебінің ең маңызды жетістіктерінің бірі – диалектикалық ойлау ұстанымдарын терең мазмұнда зерттеу, оны тек сөздер-ұғымдармен бейнелеу ғана емес, ақиқатты түсіне білу өнерін игеру машықтарын қарастыру болып табылды. Ғалымның айтуынша, ғылым мен білім үшін «сезімталдық теориясы» қажет, философтар оны ары қарай дамыту мақсатында «жан-дүниені тереңірек зерделеулері» керек. Бұл өзекті мәселе қазіргі кезде адамзаттың ауқымды-дағдарыстық жай-күйі тұрғысында аса маңызды болып отыр. Ауқымды дағдарыстан шығудың бірден-бір жолы, ғалымның сөзімен айтқанда, адамгершілікте, өнегелілікте жатыр.

Ж.М.Әбділдин ғылыми танымға арналған бірнеше ұжымдық монографияның шығуына жетекшілік етті. Оның ғылыми жетекшілігімен М.И.Баканидзе, А.А.Ивакин, Л.К.Науменко, Ә.Н.Нысанбаев және М.С.Сәбитов сияқты автор-

лық топтың «Материалистік диалектика-ның негізгі қағидаттарын және олардың ғылыми танымдағы рөлін зерттеу» атты көлемді монографиялық топтамасына ғылым мен техника саласындағы ҚазКСР-ның Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Қазақстандық кәсіби философия

Қазақстандық кәсіби философияның негізін қалаушылардың көзқарасы бойынша, жас ізденушілер іргелі білімге сүйене отырып инновациялық іргетасы берік және жан-жақты қаланған нақты ғылыми платформа жасауға ұмтылуы қажет. Осындай қадамдардың арқасында қоғам мен мемлекеттің тарихи нақты болмысы мен дамуындағы нақты практикалық іс-әрекетінен туындайтын проблемалар жиынтығы анықталады. Жабайхан Мүбәрәкұлы үнемі қоғам мен жастарды осындай әлеуметтік прогреске қызмет етуге үндеп келді.

Біздің кейіпкеріміздің отбасындағы ғұмыры – өмірлік жары Майдан жеңгенімен бірге тату-тәтті тіршілігімен өрнектелген еді. Ғалымның қыздары – Раушан, Бақыт, Жанар да қоғамның әртүрлі салаларында қызмет атқарып, үлкен табыстарға жетіп келеді. Раушан Әбділдина ҚР ҰҒА академигі, профессор, өзінің шығармашылығын осы философия саласына арнаған білікті маман. Жабайхан Мүбәрәкұлы екеуі бірлесіп жазған халқымыздың ерекше тұлғалары – Шоқан Уәлиханов пен Абай Құнанбаев туралы көлемді монографиялық еңбектері халқымыздың рухани тарихына және көрнекті тарихи тұлғаларына арналған нағыз концептуалды, іргелі еңбектер. Осы іргелі еңбектердің енді ағылшын, неміс, француз тілдеріне аударылғаны жөн деген ойдамыз. Жалпы адамзаттың рухани кеңістігіне халқымыздың аса ірі рухани тұлғалары мен ұлттық мәдениетінің ерекшеліктері туралы маңызды мәліметтер мен ойтұжырымдар кеңінен насихатталғаны орынды.

Философия, саясаттану және дінтану институтының алпыс бес жылдық тарихында көрнекті ғалым Жабайхан Мүбәрәкұлының ғылыми жолы мен нар тұлғасының алар орны қомақты. Сондықтан жақында институт қабырғасында ашылған арнаулы мүйіске қойылатын «Құрмет кітабына» Ж.М.Әбділдин есімі енгізілді. Әрине, Жабайхан ағамыз мемлекет тарапынан көптеген марапаттарға ие болғаны жұртшылыққа белгілі. Ғалымның сіңірген еңбегін, әсіресе әріптестері бағалай білуі керек. Сондықтан ғылым саласындағы жас ұрпақ үшін маңызды, нақты мәліметтер беретіндей ақпараттар жинақталды. Сөйтіп, ұрпақтар сабақтастығы ғылым мен білімде өзінің жалғастығын табатынына куә болудамыз. Руханияттағы, ғылым мен білімдегі ғибратты өмір жолы дегеніміз осы.

Серік СейДУМАНОВ,
ҚР ҰҒА академигі, Философия,
саясаттану және
дінтану институтының
бас директоры.

(Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдин туралы жарияланымның толық нұсқасын газетіміздің интернет-ресурсы – almaty-akshamy.kz сайтынан оқыңыздар).



ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы ДСБ ШЖҚ «№8 қалалық емхана» МКК-ның басшының бос лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру

Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№8 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының байқау кеңесі Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№8 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы – бас дәрігері бос лауазымына орналасуға конкурс өткізеді, 050009, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Түркебаев көшесі, 40 мекенжайы бойынша орналасқан, ақпарат үшін телефон: 8 (727) 374-10-70, e-mail: priemnaaya_gp8@mail.ru.

Өткізу күні: 16.03.2023 жыл.

Өткізу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы Түркебаев көшесі, 40-үй.

Кәсіпорын атауы: Алматы қаласы ДСБ ШЖҚ «8 қалалық емхана» МКК.

Пошта мекенжайы: индекс 050009, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы Түркебаев көшесі, 40-үй.

Телефон: 8 (727) 374-10-70.

Электронды пошта: priemnaaya_gp8@mail.ru.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: бекітілген ауданның тұрғындарына алғашқы медициналық санитарлық көмек көрсету.

Кәсіпорын басшысының негізгі лауазымдық міндеттері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына 3-қосымшаның 2-тарауы 1-параграфының 3 тармағында көрсетілген.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ – 305/2020 бұйрығына 3-қосымшаның 2-тарауы 1-параграфының 4-бөлімінде көрсетілген.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күні: 16.02.2023 ж.-дан 16.03.2023 ж.-ға дейін.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №ҚР ДСМ -58/2020 бұйрығының 2-тарауының 7-тармағында айтылған құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін электрондық түрде ұсынуы тиіс.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

ЖАС САРБАЗДАР

жауынгерлік қызметке қабылданды

Өткен жылдың қараша, желтоқсан айларында Ұлттық ұланның Алматыда орналасқан «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөліміне еліміздің түкпір-түкпірінен жас сарбаздар түскен болатын. Олар оқу пунктінде екі айға жуық әскери істің негізі бойынша білім алды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Әскер қатарына шақырылған жас сарбаздар жан-жақты дайындықтан өткен соң, жауынгерлік қызметке енді ресми түрде қабылданды. Салтанатты жиында Мемлекеттік туды көтеру құқығы жауынгерлік қызметтің үздік сарбазы – қатардағы жауынгер Сұлтанбек Серікулына берілді.

Әдеттегідей сапқа жиналған жеке құрамның алдында бригада командирі, полковник Бақдәулет Оспанбеков жауынгерлік қызметтің маңызы мен оларға артылатын жауапкершілік жүгі туралы айтып өтті. Ал әскери бөлім ардагері отставкадағы полковник Александр Зелинский жас жауынгерлерге сәттілік тіледі. Медеу аудандық Полиция басқармасының аға инспекторы полиция аға лейтенанты Нұрсұлтан Нұржанов та лебізін білдіріп, жас сарбаздардың қоғамдық тәртіпті сақтаудағы жауынгерлік қызметтерін адал атқаратындарына зор сенім білдіретінін жеткізді.

– Бүгін менің өмірімдегі өте қуанышты әрі жауапты күн. Біз алғаш рет жауынгерлік қызметке шыққалы тұрмыз. Жас сарбаздар осы күнге дейін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан алған білімдерін іс жүзінде көрсетулері керек. «Жауынгерлік жанұядай ұйысқан, Ұлттық ұлан – елі мен халқына қорған!» деген ұранмен оңтүстік астанамыз – Алматы қаласының аудандарындағы қоғамдық тәртіпті қадағалау мақсатында қызметке шықпақпыз. Батыр ағамыз Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмас, тәртіпке бағынған құл болмас» деген сөздеріне сүйенер болсақ, бізге ең алдымен керекті – темірдей тәртіп, қырандай қырағылық және жалындаған жауынгерлік рух деп ойлаймын. Осы айтылған үш қасиетті сақтай отырып, қызмет атқарар болсақ, қала тыныштығы тұрақты болады деп сеніммен айта аламын, – деп ағынан жарылды бөлімнің 2-ші жедел мақсаттағы ротаның сарбазы қатардағы Дінмұхамед Жалғас. Ол – әскерге Қазақстанның батыс өңірінен келген ұлан.

Барлық сарбаздың да көкейінде осы мақсат, тілек тұрды деп сенеміз.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директордың
міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

КӨК ҚАРҒА КЕЛМЕЙ, КӨКТЕМ ШЫҚПАЙДЫ

«Үт» амалы табиғат сахнасына өрлеп келеді. Бұлбұлдың таңдайынан бал таматын, сандуғаш күн құрғатпай ән салатын кез енді алыс емес

«Үштің айы – күштің айы» саналған ақпан айы ортасынан ауып барады. Айдың басы мен алғашқы онкүндігінде жауған қар мен 3–4 күндік аязды есептемегенде, биылғы ақпан Алматыға жылы қабақ танытып келді.



**Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ**

Табиғат тамыршылары 15-ақпан күні Көктем мен Қыс белдесетінін айтқан. «Осы күні ауа райы қандай болса, көктем күні сондай болады» деген болжам да бар. Биылғы Алматы көктемі шуақты, гүлді, шырайлы болатынына еш күмән жоқ.

Бірақ алда «Бөрі сырғақ» амалы бар екенін естен шығармайық. Ақпанның 17-мен 23-і аралығында көрініс береді. Ат құлағы көрінбейтін осы боранда қасқырдың арланы мен қаншығы жұптасып, 62 күннен соң қасқыр бөлтірігін өмірге әкеледі екен. Сырғақ деп бұршақтан кіші мұзды қар түйіршіктерін айтады. Көнекөз қариялар бұл амалдың атауын осы бөрілер мен сырғақты боранға байланысты «Бөрі сырғақ» деп атаған болса керек. Аспан денелерінің қимыл-әрекеттеріне қарағанда, Алматыда жылылық сақталатыны сыялайды. Дегенмен, құбылмалы ақпан айына көп сене беруге де болмайды. Жем-шөп таусылып, өріс

ашылмай, дауыл басылмай әлекке салатын мезгіл осы кез.

Үш күннен кейін (осы айдың 20-сынан) өткен жолы сөз еткен «түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз» деп аталған «Үт» амалы басталады. Үт сөзі туралы түрлі қисын, болжам, әңгіме көп. Біреулер ол «сыыр» деген көне қазақ сөзі десе, енді біреулер киіз үйдің саңлауынан түскен сәулені «үт» деп атайды дейді. Қалай болғанда да, үт амалы – алда болатын көктемнің хабаршысы, нышаны, белгісі. Қазақы жаңа жылдың жаршысы. Осы амал өткесін күннің шуағы бұрынғыдан молайып, қызуы арта түседі. Көктем келіп қалғандай әсер береді. Үт амалы еліміздің барлық жеріне бірдей қауіпті, қаһарлы болып келмейді. Айталық, оңтүстік өңірлерде «Үт келді, құт келді!» деп қуана қарсы алады. Өйткені, осы кезде күннің шуағы көбейіп, жарығы молайып, бату мерзімі ұзарып, бірлі-жарым сиырлар бұзаулап, жұртшылық уызға жарып, сүтке қарқ болып мәре-сәре күй кешеді. Шығыс, солтүстік және батыс аймақта ызғырық соғып, қар борап, жем-шөптің мол қоры азайып, шаруаларды әбiгерге салатын болған. Олар «үт келді, жұт келді» деп бұл амалды жабырқап қарсы алған, ұната қоймаған.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін ақпанның –16-сы, ай бойынша –24-і, қазақша айдың екінші жаңасы. Біз сөз етіп отырған апта айдың басы мен ортасына сәйкес келіп тұр. Бұл сәйкестік жаңбыр, қар жауатынын, ызғарлы жел тұратынын, ауа райында болатын басқа да өзгерістерді аңғартса керек. Қалай болғанда да алдымыз көктем мен жаз ғой... Айтпақшы, көктемнің белгілері білінгенмен, көк қарғаның даусы әлі естілмей тұр. «Көк қарға келмей, көктем шықпайды» деген бұрынғылардың сөзі бар...



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Көктемде...

- * Торғай ерте жұмыртқаласа, күн ерте жылынады.
- * Күн көп күркіресе, егін, шөп мол шығады.
- * Қарға қарғын суға шомылса, көктем ерте келеді.
- * Таң күңгірт тартып, күн манаурап көрінсе,

жыл жауын-шашынды болады.

- * Жыл басында таң өрттей қызарып атса, ол жылы жаманшылық, жұт, қуаңшылық болуы мүмкін.
- * Таң шашырап атса, жыл молшылықты, берекелі.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМИ

17 ЖАСТАҒЫ АҚЕРКЕ

өзінің еміне адал еңбегімен
қаражат жинап жүр

Алматыдағы «Алтын орда» базарының алдында қоларбада отырып ән салатын сүйкімді бойжеткенді бәріміз де әлеуметтік медиа арқылы білеміз. Оның аты-жөні – Ақерке Сүлейман. 17 жаста. Алматы іргесіндегі Қырғауылды ауылында тұрады. Мегаполис колледждерінің бірінде онлайн білім алып жүр.



Суретті түсірген В.ЗАКИН.

Өткенде анасы екеуі «Таңшолпан» бағдарламасына да келген болатын. Бес ағайынды Ақерке – егіздің сыңары. Ол көрермендеріне қызым аяғынан тұрып кетсе екен деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, тыным таппай жүрген анасының ешқашан мұңаймағанын, үнемі қуанып жүргенін қалайтынын жеткізді. Ал анасы қызының бала күнінен өнерге, әнге құмар екенін, әр қадамын қолдайтынын айтты.

Анасының айтуынша, Ақеркеге кішкентай күнінде ота жасалып, бір қолы істемей қалған. Есейе келе қоларбаға таңылған. Ал Түркия елінің дәрігерлері қызды аяғынан тұрғызамыз деп бекініп отырған көрінеді. Бірақ оған 15 млн теңге қаражат керек.

Ән салуға құмар Ақерке «Алтын орда» базары алдында ән салатын Әділет деген жігітті «ГикТок» арқылы көріп, өнеріне тәнті болып жүрген болатын. Бірде сол маңда анасымен келе жатып, батылдық танытып, Әділеттің жанына барады. Жігіт өзіне қоларбамен таяп келген бейтаныс қарындас-

ты еш тосылмастан бетінен сүйіп, мейіріммен қарсы алады. Содан бері Әділет те әнші қызымызға қолдау көрсетіп келеді.

Иә, 17 жастағы қыз өлең айтып, базар алдынан өтетін жүргіншілерді әнге бөлеп, жақсы көңіл күй сыйлап, адал еңбегімен өзінің еміне қаражат жинап жүр. Ақерке Сүлейман кейінгі екі айда отаға қажетті 15 миллион теңгенің 11 миллионнан астамын тапқан.

Бүгінде отаға қажетті қаражат жиналып та қояр ма еді, егер орта жолдан киліккен алаяқтар болмаса. Иә, әлдебір белгісіз адамдар Ақеркенің суреті мен бейнежазбаларын пайдаланып, әлеуметтік желілерден фейк-парақшалар ашып, өз есепшоттарына ақша жинап жүрген көрінеді. Тіпті, бір фейк-парақшада «Ақеркенің отбасы қажетті аппаратты сатып алып, қыз аяғынан тұрып кетті» деген ақпарат тараған. Ал өмірге құштар қайсар қыз «Алтын орда» базарында ән салып отыр. Еміне қажетті қалған қаражатты жинауға әлі де үмітті.

Мақпал есімді қазақ қызы Қырғызстанда, шағын қалашықта туған. Отбасының кедей тұрғанын айтады. Тіпті, кейде майға пияз қуырып, оны нанмен жеген күндері де болғанын жасырмайды. Ал бүгінде АҚШ төрінде абыройлы еңбек етіп жүр.



БІЗДІҢ МАҚПАЛ

АҚШ-тағы ConocoPhillips ірі мұнай компаниясында кіші инженер болып жұмыс істейді

Сегіз жасынан бастап ата-анасына, шаруашылықа көмектесе бастайды. Бұл отбасы жиған-терген ақшасына екі сиыр сатып алып, кішкентай Мақпал да сиыр саууды үйреніп, тіпті, әжесімен бірге сүзбе де дайындайды. Кейінірек базарға ата-анасына ілесіп келіп, сауда жасауға көмектесе бастайды. Мақпал бұғанасы бекімей жатып, үйдің қыруар шаруасын атқара жүріп, алдына «мектепті аяқтап, жоғары оқу орнына түсуім керек, қалайда бірінші боламын» деген максат қояды. Ағылшын тіліне де сол бала шағынан қызыға бастаған. Сөйтіп, кітап сатып алуға өз бетінше ақша жинай бастайды. Шыны бөтелкелер жинап, одан түскен болмашы тиындарын асқан төзімділікпен жинай берген. Кітаптың құны 200 сом болатын. Ақыры сол қаражатты жинап, арманындағы тіл үйрететін кітабын сатып алады.

Оның отбасында Қазақстанға – атамекенге көшу туралы үнемі әңгіме болатын. Себебі, олар жоғары білім алу үшін көбірек мүмкіндіктер Қазақстанда бар деп есептейтін. Бірақ бір үйлі жанның атажұртқа көшіп келуіне материалдық жағдайы көтермейтін болған соң, 15 жастағы Мақпал бір өзі келеді білім қуып. Онда да Қырғызстанмен шекаралас жатқан Қордай ауданына табан тіреді. Білімге құштар өжет қыз өз бетінше пәтер жалдап тұрып, жергілікті мектепте орта білімін жалғастырады. Әр сенбі, жексенбіде ата-анасына көмектесу үшін Қырғызстанға қайтатын. Ол сонда да тек

«бестік» деген бағамен оқыған. Түрлі пәндік олимпиадаларға қатысқан. Әсіресе, ағылшын және математиканы жақсы көрді. Мектепті үздік бітірді.

Бірде Мақпал анасына бір құрбысының АҚШ университетінде оқыған ұлы туралы мақтанышпен айтып отырғанын естіп қалады. Бала күнінен ағылшын тіліне ынтық қызға анасы бірден қолдау көрсетеді. Қолдау болғанда да, американдық білім беру визасын алу үшін бірнеше несие алады. Сөйтіп, Мақпал Техас штатындағы ең үлкен қала – Хьюстонға жол тартады. Сенеміз бе, оның қолында ноутбук тұрмақ, ешқашан ұялы телефон да болған емес. Тек ұшу билеті және жол сөмкесі ғана болған еді. Тілді де жетік білмейтін. Шамамен бір жылдан кейін тіл үйреніп, ақша жинап алғаннан кейін, қыз Хьюстон қоғамдық колледжіне оқуға түседі. Онда екі бағыт бойынша білім алды: Business және Associate of science. 2016 жылы колледжді үздік бітіреді. Сол жылы ол Хьюстон университетіне бизнес бағытында оқуға түседі. Біраз уақыттан кейін ол Техаста өте дамыған мұнай-газ саласына қызығушылық танытады. Сол жылдың күзінде оның университетінде әлеуетті жұмыс берушілер үшін «Ашық есік» күні өткен болатын. Мақпалдың жұлдызы жанған күн ол. Бүгінде ол ConocoPhillips ірі мұнай компаниясында кіші инженер болып еңбек етіп жүр.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.